www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

JAS QAZAQ

ISSN 2074-899X

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

№9 (893)

11 наурыз 2022 жыл

ГЕОЭКОНОМИКА

САНКЦИЯ САЛҚЫНЫ НЕМЕСЕ ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕЛГЕН ФОРМУЛА

Алып күштер арасында Кәрі құрлықтың күнгейінде өршіген саяси және әскери текетірестің қашан аяқталары әзірге белгісіз. Әйтеуір, «Саясат – экономиканың жалғасы» дейтін формуланың тығырыққа тірелгені анық. Талай жылдан бері әбден орныққан шаруашылық және қаржылай байланыстардың дағдарысқа ұшырауы бұған дәлел екенін түсіндірудің қажеті жоқ. Бір сөзбен айтқанда, экономика – таяқ жеген тарап. Тек бір жақ емес. Санкция соғысына ұласқан әлгі текетірестен ешкім ұтпайды. Дегенмен біздегі қайсыбір сарапшылар сияқты дабыл қағып, байбалам салудың қажеті жоқ. Президент Қ. Тоқаев айтқандай, санкция зардабын кішірейтуге де, әсірелеп үлкейтуге де болмайды.

БІР АНЫҚ

Ғаламдық базарға апаратын теңіз жолынан алыс жатқан елдердің (*Landlocked Contries*) қатарына жататын елімізге де оңай соқпайды. Бізді сол теңізге жетелейтін төте сүрлеу терістік көршіміздің жерінен өтеді. Тіпті мұнайымыз да сол елдің маркасымен (*Urals*) сатылады. Біраз бөлігі Кәрі құрлыққа барады. Құрлықта көп алатын мемлекет – Италия. Былтырғы жылдың алғашқы 6 айында елімізден шетелдерге 37 млн тонна «қара алтын» жөнелтілсе, оның 9,6 млн тоннасы осы елге жеткізілген. Екінші орында – Нидерландтар (*4 млн тонна*).

Экономикалық серіктестікті тежейтін тыйым күшейгелі ақпарат соғысы да белең алды. Өткен жетіде ақпарат құралдары «үндінің аса ірі мұнай-газ компаниясы Indian Oil Corporation (*IOC*) қазақ мұнайын алудан бас тартты» деп жар салды. Бұған қуанып, әдеттегідей, байыбына бармай, боркемік болжамын тықпалайтындар бөркін аспанға атты. Шын мәнінде, «қара алтын» құбырда қалып қойды ма? Соған тоқталайық.

(Жалғасы 4-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН СҰХБАТ

Кеше ғана «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс съезі өтіп, оның атауы өзгерді. Халық аманатын арқалап, ел үмітін ақтаймыз деген сипаттағы ұлы мұратты мақсат тұтқан билеуші партия енді «Аманат» атанып отыр. Осыған байланысты біз сол партияның мүшесі, Парламент Мәжілісінің депутаты Юрий Жулинге жолығып, пікірін білген едік. Оның екі себебі бар.

Біріншіден, оны халық ішінен шыққан депутат деуге болады. Қарағандыда ұстаздық еткен, түйткілі көп қала Теміртауда басшы болды. Депутат атанғанына бір-ақ жыл, демек бюрократтана қойған жоқ.

Екіншіден, «Қазақстанда орыс тіліне қысым жасалып жатыр» деп былтыр базбіреулер байбалам салғанда, оларға үзілді-қарсы шыққан патриоттардың бірі. Мұндай арантушыларға әрдайым тойтарыс беріп отыру керек дей келе, өзінің біраз уақыттан бері мемлекеттік тілді меңгеруге ден қойғанын мәлімдеген болатын.

Юрий ЖУЛИН, *Мәжіліс депутаты:*

АМАНАТТЫҢ ЖҮГІ АУЫР

– Юрий Викторович, партия атауының өзгеруінде қандай астар бар? Қосылғыштар өзгерсе де, қосынды өзгермейді деген сыңайда сын айтушылар да баршылық.

– Кез келген мемлекеттің даму кезеңінде оның болашағын айқындайтын, бағыт-бағдар сілтейтін бір бетбұрыс сәттері болады. Біз сондай тарихи кезеңді бастан кешіріп отырмыз. Оған қаңтардағы қайғылы оқиғаның себепші болғаны өкінішті-ақ. Бірақ, қалай десек те, біз дамудың жаңа кезеңіне аяқ бастық, Президент ұсынған Жаңа Қазақстанды құруға кірістік. Бұл – уақыт талабы, қоғам сұранысы. Билеуші партия атауының өзгеруін де сол талап пен сұранысқа жауап ретінде қарастырған дұрыс.

Бұл жерде тағы дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы жатыр. Біздің партияның негізі осыдан жиырма үш жыл бұрын тура бірінші наурызда қаланған екен. Съезге қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жайлы айта келе, «Бірнеше ұсыныстың ішінен Аманат деген атауға тоқтадық. Бұл ұлт үшін де, халық үшін де қастерлі ұғым. Бұл мемлекеттілік пен ұрпақ жалғастығын көрсетеді. Халқымыз ешқашан аманатқа қиянат жасамаған. Мен партиямызды ресми түрде Аманат деген атауды толық қолдаймын», – деді.

Бәлкім, біздер, партияның қарапайым мүшелері бұл ұғымның қандай жауапкершілік жүктейтінін әлі толық сезініп үлгермеген де шығармыз. Бірақ бір нәрсе айқын – ендігі жерде партия жұмысы осынау терең де киелі ұғымға сай болуы керек. Жасыратыны жоқ, қазір біздің ел ғана емес, бүкіл әлем күрделі кезеңді бастан кешіруде. Жаһандағы жағдай асқан жылдамдықпен, көзді-ашып жұмғанша өзгеріп жатыр.

(Жалғасы 3-бетте)

COVID – 19

730 КҮН (2020-2022)

БӘРЕКЕЛДІ!

АЛТЫНҒА БЕРГІСІЗ ЖҮЛДЕ

Бейжіңде өтіп жатқан XIII қысқы Паралимпиада ойындарында Александр Герлиц қола жүлдегер атанды.

Парабиатлоннан түрегеп сырғанауда еліміздің атынан жалғыз өзі бақ сынаған спортшы мәре сызығын үшінші болып қиды.

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)	114,11
DOLLAR	519
EURO	602
РУБЛЬ	5,5

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

ҮКІМЕТ

Кеше Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2025 жылға дейінгі халық табысын арттыру бағдарламасы қаралды. Үкімет басшысы атап өткендей, бағдарлама әлеуметтік-еңбек саласындағы тәсілдерді жаңарту мақсатында әзірленді.

ТАБЫСТЫ АРТТЫРУДЫҢ ҮШ ТҰҒЫРЫ

ОТАНДЫҚ ӨНІМ – КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ – ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС

Құжатта өнеркәсіп кластерлерін құру, шағын және орта кәсіпкерлікке қаржылай қолдау көрсету, ірі кәсіпорындар жанынан шағын және орта бизнесті дамытуға жағдай жасау есебінен жұмыс орындарын ашу жоспарланды. Агроөнеркәсіп кешені саласында қосалқы үй шаруашылықтарын құру, инвестициялық жобаларды іске асыру және шағын несие беру тетіктерін кеңейту шаралары қарастырылған.

Премьер-Министр барлық мемлекеттік органдардың алдына ішкі нарықты отандық өніммен толықтыру, еңбек өнімділігін арттыру және тұрақты жұмыс орындарын құру міндеті қойылып отырғанын атап көрсетті. «Азаматтарымыз Үкіметтің кірістерді сақтау және ұлғайту, кәсіпкерлікті қолдау, сондай-ақ жұмысқа орналастыру және қайта оқыту жөніндегі барлық шаралары туралы кеңінен хабардар болуы тиіс», – деді Премьер-Министр.

Ендігі кезде бағдарламада көрсетілген іс-шараларды, оның ішінде кәсіпкерлікті дамытуды сапалы жүзеге асыру міндеті тұр. Осы орайда салалық министрліктер мен әкімдерге нақты тапсырмалар берілді:

* Индустрия, ауыл шаруашылығы, энергетика министрліктеріне және облыстардағы әкімдіктерге: жаңа тұрақты жұмыс орындарын ашу, шағын және орта бизнестің ілеспе субъектілерін дамыту мақсатында өңдеу саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелерін пысықтау;

* Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне: мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, еңбек табысындағы теңгерімсіздікті жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылау:

* Салалық мемлекеттік органдар, «Самұрық-Қазына» қоры мен әкімдіктерге: қызметкерлердің жалақыларын орташа салалық деңгейге дейін арттыру, бюджет қызметкерлерінің орташа жалақысын көтеруді қамтамасыз ету.

* Ұлттық экономика министрлігіне: негізгі капиталға инвестициялар тарту және жұмыс орындарын құру бойынша KPI негізінде мемлекеттік органдардың, барлық деңгейдегі әкімдіктердің тиімділігін бағалауды және рейтингін жүргізуді қамтамасыз ету.

2025 жылға дейінгі халық табысын арттыру бағдарламасын Министрлер кабинетінің мүшелері кейбір түзетулерді ескере отырып қабылдады.

Сонымен қатар Үкімет отырысында көктемгі егіс жұмыстарына дайындық мәселелері де қаралды. «Қазір бүкіл әлемде ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныс күн санап артып келеді. Сұранысқа сай оның бағасы да қымбаттап барады. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы өнімінің ішкі тұтынуын да, экспорттық әлеуетін де қамтамасыз ету – аса маңызды мәселе», — деді Ә. Смайылов.

Биылғы егістік алаңы – 23,1 млн гектар (2021 жылмен салыстырғанда 125 мың гектарға артық). Облыс әкімдіктерінің деректеріне сәйкес, биыл барлығы 658,7 мың тонна минералды тыңайтқыш қосу жоспарланған, бұл өткен жылғымен салыстырғанда 32,2 мың тоннаға артық. Пестицидтерді субсидиялау бағдарламасы бойынша 2022 жылға 31,7 млрд теңге қарастырылған, бұл егіс алқаптарының өңделуін 100 пайызға қамтамасыз етеді. Үкімет басшысы тыңайтқыштар мен пестицидтерді сатып алу құнының 50 пайызын субсидиялау әрі қарай жалғасатынын атап өтті. Сондай-ақ тұқым сатып алу, қайта өңдеуге тапсырылатын дақылдар өндіру, су беру бойынша көрсетілетін қызмет құнын субсидиялау да былтырғы шамада сақталатын болады. Техникаларды жаңарту үшін Үкімет несие мен лизингті инвестициялық субсидиялау және пайыздық мөлшерлемені субсидиялау көлемін ұлғайтады. Көктемгі дала жұмыстарына дайындық аясында Үкімет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімдіктерге әлеуметтік маңызы бар дақылдар мен жем-шөптің қажетті көлемін себе отырып, ауыл шаруашылығы жерлерін әртараптандыру тапсырылды. Сондай-ақ минералдық тыңайтқыштарды өндірушілер алдымен ішкі нарықты қамтамасыз етуі керектігі айтылды. Экология министрлігі мен әкімдіктер ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің су тапшылығынан зардап шекпеуін қадағалауы тиіс.

Талап ТІЛЕГЕН

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

пікір

БАҒДАРЛАМАНЫҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫ – «БАЛЫҚ БЕРМЕ, ҚАРМАҚ БЕР»

Бауыржан МҰҚАН,
экономикалық зерттеулер институтының басқарушы директоры:

«Бұл – халықтың қаржылық табысын көтеру бағытында әзірленген бірегей бағдарлама. Табыстың төмендеуі – кедейлікке апаратын жол. Соңғы жылдары қарапайым халықтың табысы төмендеді. 2011 жылы азаматтардың қаржылай табысы 52 пайыздан жоғары болса, 2019 жылы 6 пайыз ғана (!). оған екі жылдан бері еңсені көтертпей қойған індет, экономикалық өсімнің тежелуі де кесірін тигізді.

Халықтың ақшалай табысын арттыру бағдарламасының негізгі тағаны, бірнеше бағыты бар. Бірінші бағыт – халықтың табан ақы, маңдай терімен тапқан табысын арттырып, еңбекақысын көбейту. Екінші бағыт – тұрақты жұмыс орындарын ашу арқылы, екі қолға – бір күрек тауып беру жолымен халықтың тұрмысын жандандыру. Үшінші бағыт – халықтың төлем қабілеттілігін қорғау, ақпараттық үгіт-насихат, ағарту жұмыстарын жүргізу. Халықтың бойын енжарлыққа үйретпеу, жалқаулықтан арылту. Бағдарламаның басты ұстанымы – «Балық берме, қармақ бер».

Халықты тұрақты жұмыспен қамти отырып, еңбек өнімділігін жақсарту керек. Ал табыстың артуы үшін қайтпек керек? Тікелей һәм жанама шараларды атайтын болсақ, ең әуелі тұрақты жұмыс орны бар азаматтардың айлық жалақысын өсіру. Жанама шара – тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған еңбек адамдарын оқытып, біліктілігін арттыру. Қажет болса, қайта оқытып, сұранысқа ие мамандықтарға баулу.

Бұл бағдарламаның негізгі өзегі – жастарды қолдау. «Жұмысқа қабілетті жастар – мемлекеттің негізін нығайтушы» деген тәмсіл тегін айтылмаған. Елдің өркендеуіне орасан күш қосатын да жастар. Статистика бойынша елімізде 73 мыңнан астам жас жұмыссыз жүр.

Келешегіміздің кепілі жас буын жұмыссыздықтың қамытын кимеуі үшін мектеп қабырғасынан жұмысқа орналасу мәселесі жүйелі шешіледі. 8-11-сынып оқушыларына арнайы карта әзірленеді. Бұл картада қандай кәсіпорында, болмаса зауытта, басқа да мемлекеттік мекемеде жұмыс орны бар, қандай маман иесі қажет, соның барлығы жазылады. Мамандық таңдауда жас буынның болашағы бұлыңғыр болмас үшін, мектеп қабырғасынан бастап кәсіп деген не, маман қандай болуы керектігі оқытылады.

Одан сырт «Жаңа мамандықтар атласы» әзірленіп, еліміздің барлық өңіріне таратылады.

Біз халықтың қаржылық табысын арттыру арқылы мемлекетімізді нығайтамыз».

Жазып алған Қуан НҰРДАН

Әлеумет.t°

ШАРУАНЫҢ ЕҢБЕГІ ЕШ, ТҰЗЫ СОР

Коммуналдық қызметтер құны қымбаттаған сайын көкөніс бағасы да өсіп барады. Ауылдың, шаруаның жағдайы ауыл шаруашылығы министрлігін ойландыруға тиіс.

Жақында өңірлерде болғанымызда «Оңтүстік Қазақстан жылыжайлары қауымдастығы» Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бірлестігінің өкілдері дабыл көтерді. Сөз жылыжай саласының күрделі жағдайы жөнінде болып отыр. Қазақша айтсақ, «еңбегі еш, тұзы сор болған» шаруалардың жанайқайы.

Жалпы елімізде жылыжай саласын дамытудың басты мақсаты – бұл маусымаралық кезеңде халықты өзімізде өндірілген көкөністермен қамтамасыз ету. Сондай-ақ жылыжай өнімінің бағасын арзандатып, оның импортын төмендету. Теориялық тұрғыдан Қазақстанның бүкіл аумағында маусымдық емес көкөністерді өсіру мүмкін болып табылады. Бірақ елдің оңтүстігіндегі Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстары Құдайдың өзі қарасқандай жетінші жарық аймағы деп аталатын өңірге кіреді. Мұнда күн жарығының жағдайы тіпті өсімдік өспейтін маусымда да – желтоқсаннан ақпанға дейін өнім алуға мүмкіндік береді. Сондықтан елдің оңтүстігінде жылыжай көкөніс шаруашылығы ауыл шаруашылығының жетекші саласы болуы керек.

Өкінішке қарай, ерте шығатын көкөністердің қазіргі құны қымбат, көптеген қазақстандықтар үшін бағасы қолжетімсіз болатыны, әкімдердің базардағы бағамен жағаласып шапқылайтыны да жасырын емес. Себебіне үңіліп, зерттеген жан бар ма?

Қауымдастық ұсынған есеп-қисаптар бойынша өнеркәсіптік жылыжайдың 1 гектарын жылытып, жарықтандыруға жұмсалатын шығындар сағатына 45 кВт электр энергиясын тұтынуға дейін барады. Оған қоса, электр энергиясына, минералдық тыңайтқыштарға, еңбекке ақы төлеуге, күндізгі жарық ұзақтығының қысқаруына байланысты қосымша жарықтандыруға жұмсалатын шығындар және т.б. Тиісінше, осындай үлкен шығындар болған кезде көкөністер бағасы желтоқсаннан бастап наурыз-сәуір айларына дейін төмендеуі екіталай.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін жетекші экспорттаушы елдерде өнімділікті арттыру үшін жасанды қосымша жарықтандыру (*күндізгі жарық уақытын ұзарту*) қолданылады. Алайда Түркістан облысында коммуналдық қызметтердің қымбат болуына байланысты қосымша жарықтандыруды қолдану тиімсіз. Бұл проблема 3 жылдан астам уақыт бойы көтеріліп келеді, отандық өнім көрші елдерде (*Өзбекстан, Түркіменстан*) өндірілген өнімдермен бәсекелесе алмайды.

Мысалы, коммуналдық қызметтер құнын салыстырғанда мынадай: Түркістан облысында 1 кВт электр энергиясының құны – 33,17 теңге, ал Өзбекстанда – 18 теңге, Түркіменстанда – 2-3 теңге;

Түркістан облысында мың текше метр газдың бағасы – 35 788 теңге. Өзбекстанда фермерлер үшін біздің ұлттық валютаға шаққанда – 11 000 теңге, Түркіменстанда – бар болғаны 45 теңге. Су бізде 1 текше метр үшін 262 теңге, көрші елдерде тегін.

Ал өңір экологиясын бұзатын көмірдің 1 тоннасы – 14600 теңге. Қысқа қарай ол 20 мың теңгеден асып жығылады. Газ бағасы бойынша да басқа облыстармен салыстырғанда Түркістан облысы 1-ші орында тұр.

Ал Қазақстандағы ең арзан газ Шығыс Қазақстан облысында (*мың куб үшін 11218,76 теңге*), Ақтөбе облысында (14536,37 теңге), Батыс Қазақстан облысында (17873,39 теңге). Осылайша, еңбек ресурстарының шығындары отандық өнімнің өзіндік құнына үлкен әсер етеді.

Қысқасы, нарықта көрші елдің 1 кг өнімі кем дегенде 2 есе арзан, отандық өнім бәсекеге қабілетсіз. Жағдайды оңалту үшін тиісті министрлік шұғыл шаралар қабылдауы қажет деп ойлаймыз.

Баға тұрақтылығын ұстап тұру және жылыжай алаңдарын кеңейту, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мынадай шараларды қабылдауды қарастыруды ұсынамыз:

1. Коммуналдық қызметтерді (*электр қуаты, табиғи газ, көмір*) арзандатуға арналған шығындардың құнын 50 пайыз мөлшерінде субсидиялау;

2. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде преференциялардың барлық түрлерін ұсына отырып, жылыжайлар үшін АЭА (*арнайы экономикалық аймақ*) құру мәселесін қарау.

Осылайша, жылыжай кластерін одан әрі дамытуды қолға алуды сұраймыз. Еліміздің экономикалық қауіпсіздігі осыған да тікелей байланысты екенін ұмытпайық. Тиісті заңға сәйкес жауап күтеміз.

Дархан МЫҢБАЙ,
Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі

Орайы келген сұхбат

Юрий ЖУЛИН,
Мәжіліс депутаты:

АМАНАТТЫҢ ЖҮГІ АУЫР

(Басы 1-бетте)

Ендеше осы уақытқа дейін Қазақстанды мекендеген барлық халықтарды айрандай ұйытып келген бірлік, ынтымақ, ауызбіршілік сияқты құндылықтарды жоғалтып алмай, ел іргесін нығайтып, ырысы артқан үлгілі қоғамды болашақ ұрпаққа аманат етіп табыстау біздің борышымыз.

– «Ән түзелді, тыңдаушым, сен де түзел» дегендей, бұл өзгерістен өзіңіз не күтесіз?

– Шынын айту керек, қазіргі таңда қоғамдағы болып жатқан оқиғалар мен түйткілді мәселелерге жедел жауап беріп, тиісті шешімдерді қабылдап жатқан тек Мемлекет басшысы ғана. Басқамыз оған ілесе алмай келеміз, оны мойындауымыз керек.

Жалпы партияны реформалаудың негізі мақсаты – барынша ашықтыққа, халықпен кері байланыс орнатуға, оның мұң-мұқтажын естіп қана қоймай, сол мәселелерді жедел шешуге қол жеткізу. Тура мағынасында болсын, ауыспалы мағынасында болсын, Аманаттың жүгі ауыр. Үкімет пен әкімдерді жасақтайтын билеуші партия болғандықтан, жауапкершілік те соның мойнында. Бұрындары түк жасалмады деп ауызды қу шөппен сүртуге де болмайды, әрине. Бірақ заман өзгерді. Уақыт бізден бюрократтық дәстүрден арылуды, әбжілдік пен тиімділікті талап етеді.

Президент өз сөзінде егер қажет болса, кейбір үкімет мүшелері мен әкімдерге деген сенім мәселесін көтеру керек деді. Өз басым мемлекеттік органдардың қызметіне қатысты қоғамдық бақылаудың күшейгенін қолдаймын. Мемлекет басшысы айтқандай, қоғаммен байланыс, пікірталас көше мен алаңдарда емес, Парламент пен мәслихат қабырғаларында өтуі тиіс.

– Жақын арада еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде жаңа партиялардың пайда болуы мүмкін бе? Олардың өз өкілдерін Парламентке өткізу мүмкіндіктері қаншалықты деп ойлайсыз?

– Жаңа партиялардың пайда болуы әбден мүмкін. Есіңізде болса, «Нұр Отан» партиясы көпшілік дауыспен Парламентте партиялар құрудағы тіркеу кедергісін төмендетуге, Мәжіліс пен мәслихаттарда әйелдер мен жастардың өкілдігін кеңейтуге қатысты заңнамалық түзетулерді қабылдаған болатын.

Қазірдің өзінде партия құрамыз деп мәлімдеме жасап жатқандар бар. Қоғам неғұрлым белсенді болса, соғұрлым жақсы, оны

құптау керек. Бірақ саяси партия деген бұл ең алдымен зор жауапкершілік. Халық алдында болсын, заң алдында болсын. Сол себепті құрғақ уәде, бос сөз емес, байсалды бағдарламасы арқылы нақты істерді жүзеге асырса және басқа саяси күштермен бәсекеге қабілетті болса құба-құп.

Он алтыншы наурыз күні Мемлекет басшысы саяси реформалардың жаңа бағдарламасын ұсынбақ. Сонда осы мәселе туралы да айтып қалар. Алайда әзірге болжам жасауға асықпайық.

Қазақстанда туып-өскен және өзінің болашағын одан тысқары жерде елестете алмайтын азамат ретінде газет оқырмандарына айтарым бар. Бізге дәл қазір елімізді өзгертуге, оны одан да бетер жақсарта түсуге тамаша мүмкіндік туып отыр. Ендеше, сол мүмкіндікті жіберіп алмайық.

Әңгімелескен
Әубәкір СМАЙЫЛОВ

Алматы

1139 ӨТІНІМ МАҚҰЛДАНДЫ

Алматыда қаңтар айындағы оқиғалар кезінде зардап шеккен кәсіпкерлердің барлық өтінімі қаралды.

Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Еркебұлан Оразалин мәлімдегендей, қаладағы шағын және орта бизнес өкілдерінен түскен өтінімдер түгел қаралды. Шағын және орта бизнеске келтірілген залалды өтеу жөніндегі өңірлік комиссия өтініштерді қысқа мерзімде қарап, мемлекеттік қолдау көрсетіп, қала экономикасын қалпына келтіруді жеделдетті.

Еркебұлан Оразалин атап өткендей, Info Kazakhstan электронды платформасына 1188 кәсіпкерден 1355 өтінім түскен.

Өңірлік комиссия отырысының қорытындысы бойынша жалпы сомасы 5 286 млн теңге болатын 1139 өтінім мақұлданды. Оның ішінде бюджет қаражатынан 4 194 млн теңге сомасына 595 өтінім, «Жаңа Алатау» қоры қаржысынан 1 091 млн теңге сомасына 544 өтінім. 216 өтінім пысықтауға жіберілді (*120 өтінім бойынша құжаттардың пакеті толық емес, 96-ы жеңілдетілген тетік аясында төлем сомасы бойынша келіспеуге байланысты сот сараптамасына жіберілді*).

Е. Оразалин: «Негізінен сауда және қызмет көрсету секторы зардап шекті. Өтінімдердің көпшілігі азық-түлік емес тауарларды, аяқ киім, киім-кешек сатумен айналысатын кәсіпкерлерден, сондай-ақ тұрмыстық техника, зергерлік бұйымдарды сататын сауда және ойын-сауық орталығының аумағында орналасқан айырбастау пункттері мен дүкендердің иелерінен келіп түсті», – дейді.

Өз тілшіміз

Сауалнама

ЕҢБЕКПЕН ТАПҚАН НАН ТӘТТІ

МАСЫЛДЫҚ ПЕН ЖАТЫПІШЕРЛІКТЕН АРЫЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Гүлбүбі ОМАРБАЕВА,
«Алматы тазалық» мекемесінің қызметкері:

«Мен он бес жылдан бері «Алматы тазалық» мекемесінде аула сыпырушы болып жұмыс істеймін. Былтыр жасым келіп, зейнетке шықтым. Сонда да үйде отырмайын деп жұмысымды тастамадым. Біз күннің суығы мен ыстығына қарамастан, өзімізге берілген аумақтың тазалығына жауап береміз. Жұмысымды жақсы көремін, әрі үлкен жауапкершілікпен атқарамын. Қыздарым «жұмысты қойыңыз, үйде немере қарап отырмайсыз ба» дейді. Бірақ мен үйде қол қусырып отыра алмаймын. Көшенің тазалығы мен үшін маңызды. Масылдық пен жатыпішерліктен арылу үшін не істеу керек дейсіз бе? Ең алдымен бұл адамның сана-сезіміне байланысты. Адам еңбек етіп, отбасына пайдасын тигізуі керек. Көп нәрсе тәрбиеге де байланысты. Баланы жасынан еңбексүйгіштікке тәрбиелеу – ата-ананың міндеті. Бала жұмыс істесін десек, ең алдымен, үйде дұрыс тәрбие бере білейік. Кішкентайынан еңбекке үйретейік».

Жанар ИНАҒЫНБАЕВА,
мүмкіндігі шектеулі жан:

«Өз басым масылдық пен жатыпішерлік адамның бойындағы ең жаман қасиет деп ойлаймын. Мен екінші топтағы мүмкіндігі шектеулі жанмын. Арбаға таңылғаныма қарамастан, жұмыс істедім. Аяғым қозғалмаса да, жұмыс істей алатын екі қолым бар. Бірнеше жылдан бері мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған қорда қолөнермен шұғылданамын. Бисерден тұрмысқа қажетті заттар жасап, тапсырыстар орындаймыз. Жұмыс істеп жүріп «Отбасы» банкінен шот ашып қаржы жинадым. Өткен жылы бір бөлмелі пәтердің иесі атандым. Менің мүмкіндігім осыған жеткенде дені сау адамдардың қол жеткізетін дүниесі бұдан да көп емес пе? Ең алдымен, адамның жұмысқа деген ниеті түзу болу керек. Одан кейін ынтасы, жігері. Сонда барып жалқаулықтан арылуға болады. Адам басқа адамдардың жеткен жетістігіне қарап, үлгі алуы керек».

Мақпал МЫРЗАХАНҚЫЗЫ,
әскери сала қызметкері:

«Мен Қапшағай қаласындағы әскери қалашықтың коммуналдық шаруашылығына жауапты маманмын. Қалашықтағы тазалық пен әскери сала қызметкерлеріне қажетті құралдарға да жауаптымын. Үш бала тәрбиелеп отырған жалғызбасты анамын. Мемлекеттен атаулы әлеуметтік көмек аламын. Жұмыспен қамту орталығына тіркеліп, арнайы курстан өттім. Содан кейін әскери қалашықта жұмысқа тұрдым. Еңбек етемін деген адамға мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар бар. «Жұмыс жоқ» деп қол қусырып отыруға болмайды. Қайткенде де жұмыс табудың жолын іздеген жөн. Әйелі жұмыс істеп, үйінде бала асырап отырған еркектер де бар. Бірнеше баласы бар, жалғыз өзі жұмыс істеп, бүтін бір отбасын бағып отыратын ерлер бар. Жас кезінде қандай болса да жұмыс істеп, жағдайыңды жаса. Балаларыңа дұрыс тәрбие бер. Менің ұстанымым осындай. Қазақ «Еңбек түбі – зейнет» дегенді бекер айтпаған. Еңбек етемін дегенге жұмыс әрдайым табылады. Ал жұмыс жоқ деп кергитіндердікі бос сылтау дер едім».

Дайындаған Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Шешендік өнер

ҰМЫТЫЛМАС КЕЗДЕСУ

Біздің Абай атындағы дарындылар мен дарбоздардың ордасы болған мектеп-интернатымыз бағасын біліп, қадіріне жеткен шәкірт үшін үлкен мүмкіндік. Қайрат Жолдыбайұлы, Мұхтар Шахановтай халқына қалаулы азаматтарды өз көзімізбен көріп, кездесулеріне қатысу – көп адамның қол жетпес арманы. Сондай тәлімі мен өсиеті мол тұлғалардың бірі әнші-термеші, шешен Кенжебай Шал ағамыз Абай ордасына арнайы ат басын бұрды.

Шешендік өнердің тұнығынан қанып ішкен, сүбелі сөз сөйлеп жабыққан көңілге демеу, сүрінген жанға сүйеу болып жүрген ділмар ағамыздың нұрынан мектебіміздің оқушыларының рухани сарайына жылу толғандай. Ағамыздың шешендік сөздерді мысал ете отырып айтқан әңгімелері мен өсиеттері жүрегімді елжіретті. Кездесудің тізгінін жас тілші, «Ділмар» шешендік өнер үйірмесінің мүшесі Нұрай Ғалымжанқызы ұстады. Сауатты һәм мазмұнды ақпаратқа толы сұрақтарымен сұхбаттасушының жан сарайын аша алған Нұрайдың да тәжірибесі сүйсінтті. Бұл кездесу бұрынғы кездесулерге ұқсамады. Кездесу үш бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде Кенжебай ағамыздың әңгімесін, әнін тыңдап тамсансақ, екінші бөлімде сөз тізгіні жас шешендерге берілді. 104 мектептің 11-сынып оқушысы Бақжан Қанатұлы мен үйірме мүшесі, «Жыл шешені» Шыңғыс Ерболұлының арасында «Жалқы мәдениетін дамыта алдық па?» деген тақырыпта шешендік сайыс жасалып, ағамыз бен сарапшы қонақтарымыз сын, ұсыныс, пікірлерін айтты. Осы тұста пікір айтқан Кенжебай ағамыз өзінің «Дауыл» деген сәйгүлігі жайлы, өзінің де жылқы баптап, көкпарға шабатынын тілге тиек етті. Нақты дәлелдермен, көркемдігімен кездесудің сәнін келтірген шешендік сайыста оқушылардың делебесі қозып, тыпыршып отыра алмады. Ал үшінші бөлімде Кенжебай ағамызға көрермендер тарапынан сұрақтар қойылды. Сұрақты қоюшы мектеп оқушылары болса да, сұрақтардың сауаты мен құрылымы ерекше болды. Атап айтсақ, әлемдегі ахуал, тіл мәселесі, шешендіктің бүгінгі күндегі маңызы мен болашаққа дәріптелуі секілді тақырыптардағы сұрақтар қойылып, ағамыздың жауабына құлақ түрдік. Ағамыздың өнерлі Абай атты шәкірті де сөз сөйлеп, ән айтып көрермен жүрегінен жол тапты. Керемет кеш соңында қазақтың «қуыс үйден құр шықпа» деген дәстүрімен ағамыздың ыңғына шапан жабылды, үйірмеміздің атынан қонақтарға Абайдың шығармалары мен кең таралған «Кемел адам» кітабы сыйға берілді. Сөз соңында Кенжебай аға келешек ұрпақты кітаппен серік болып, ата-бабадан қалған шешендік өнердің маңызы мен қадірін жоймауды өсиеттеп, ақ батасын берді.

Айкөркем НҰРЛАНҚЫЗЫ,
«Ділмар» үйірмесінің мүшесі

NARYQ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Геоэкономика

САНКЦИЯ САЛҚЫНЫ

НЕМЕСЕ ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕЛГЕН ФОРМУЛА

(Басы 1-бетте)

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының мамандары дереу түсініктеме берді. IOC тек сақтандыру мен тасымал ақысының күрт қымбаттауына байланысты Urals маркалы және Қазақстан құбыр желісі консорциумына тиесілі қара май алуды тоқтатқанын білдірген. Бұл компания мұнайдан үзілді-кесілді бас тартты деген сөз емес. Егер сатушы шикізатты Үндістандағы мұнай өңдеу зауыттарына жеткізіп берсе, IOC алуға дайын.

Енді компанияны осындай қадамға баруға мәжбүр еткен себепке тоқталайық. Батыс елдері Ресей экономикасына қарсы жаппай санкция енгізіп, орыс кемелерін қабылдамайтынын жариялап жатқанда сақтандырушылар Қара теңіздегі айлақтарды «тәуекелі зор қауіпті аумақ» деп жариялады. Осыдан кейін танкер жалдау құны да өсті. Ал теңіз жолы арқылы жасалатын мұнай саудасында FOB (*Free On Board*) жүйесі жұмыс істейді. Бұған сәйкес, сатушы тауарды портқа әкеліп, оны кемеге тиеу ақысын төлейді. Сатып алушы сақтандыру, межелі жерге жеткізу, танкерден түсіруді өз мойнына алады.

БАЛАМАЛЫ БАҒЫТ

Ел экспорты үшін жалғыз жол Ресей емес, әрине. Парсы Шығанағындағы Иран таяқ тастам жерде. Бірақ тұйық теңіз саналатын Каспий жағасынан ол жаққа қарай құбыр төсей алмайсыз. Вашингтонның Тehранға санкция соғысының тарихы тым әріде, 40 жылдан асып барады. Бір қызығы, көмірсутегі төңірегіндегі жобаларға салынған тыйымды Еуропа да қолдаған. Сөйтіп банктерді SWIFT-тен ажыратып тастады. Бірақ өзара тиімді сауда-саттықсыз өмір сүру қиын. Осыны ұмытпаған еуропалықтар Иран мұнай компанияларымен есеп айырысуды баламалы жүйемен жүзеге асырып жатыр.

Сарапшылар Еуроодақ санкцияны үдеткенімен орыстың мұнайы мен табиғи газынан бас тартпайды дейді. Бұл пікірдің жаны бар. Өйткені Кәрі құрлық жыл сайын 500 млн тонна қара майға зәру. Оның 150 млн тоннасы Ресейден келеді. Бұған орыс кәсіпорындарынан жеткізілетін 80 млн тонна мұнай өнімдерін қосқан жөн. Содан болар, соңғы күндері Германия мен Нидерландтар Сібірден келетін көмірсутегіге санкция енгізілмейтінін айта бастады. Еуропарламент депутаты Тиери Мариани мұнайды доллармен сатып алатындарын, ал еуроның американ ақшасына шаққандағы бағамы құлдырап жатқанын еске салды. Ол санкцияны (*біреуді*) тістеп жатқанды сыртынан тістеп алуға теңеді.

Кісідегінің кілті аспанда. Біреуге басыбайлы байланғанның күні қаран екенін жете түсінген Қазақ елі экономикада, соның ішінде транзиттік тасымалда басқа жолдарды іздеді. Сондай оңтайлы бағыттың таңдап, «Бір жол, бір белдеу бастамасына қосылды. Мұның Қытайдың алып базарына, шығыс көршідегі Ляңиунган теңіз айлағына жол ашқаны мәлім. Айта кеткен жөн, Үкімет жанынан құрылған дағдарысқа қарсы шаралар жөніндегі Жедел штабтың отырысында тасымал жайын баяндаған «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясының жетекшісі Нұрлан Сауранбаев Қытаймен екі арада жүк тасымалында ешқандай кідіріс жоқ екенін хабарлады.

Десек те, дәл қазір сыртқы сауда-саттықта дәстүрлі серіктес – Еуропадан қол үзбеу көкейкесті міндет. Кәрі құрлықтың орыс кемелеріне айлағын жапқанын әлгінде айтып өттік. Бұл отандық тауарды Ресей порттарынан (*Санкт-Петербург, Новороссийск, Усть-Луга, Тамань*) тұтынушыға жөнелтуде қиындық туғызды. Күрмеуі көп түйінді шешу үшін Латвиямен келіссөз жүргізілді. Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Берік Қамалиев осы елдің қатынас министрлігі мемлекеттік хатшысының орынбасары Улдис Рейманиспен Балтық теңізіндегі Рига, Вентсплис және Лиепая порттарын пайдалану мүмкіндігін талқылады. ИИДМ баспасөз қызметі хабарлағандай, латыш тарапы бұған оң жауап беріпті.

«ОРТА ДӘЛІЗ», ОТАНДЫҚ КОНТЕЙНЕР

Үкімет Еуропаға тауарды тоқтаусыз жеткізуде ТрансКаспий бағытын пайдалануға ден қойып отыр. Бұл жерде Ақтау және Құрық порттарының әлеуеті зор екенін айтқан абзал. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаевтың пікірінше, аталған айлақтардың қазіргі жүк өткізу қарқыны небәрі 23 пайыз. Құрық – тәуелсіз мемлекетіміздің баламалы жүк тасымалы бағытын жетілдіруде қол жеткізген елеулі жетістігі. Айлақтағы теміржол кемежайы жылына 4 млн тонна жүк өткізе алады. Бұл көрсеткіш автокөлікте 2 млн тонна, мұнай және мұнай өнімдерінде 2,6 млн тоннаны құрайды. Бұған қоса, 150 мың контейнерді жөнелтуге мүмкіндігі бар. Биыл және алдағы 2 млн тонна жүкті осы контейнермен тасымалдап, оның экспорттағы үлесін 30 пайызға жеткізу көзделген. Бұл үшін отандық контейнер шығаратын өндіріс ошағы қажет.

ТрансКаспий теңіздің арғы бетіндегі Әзірбайжан мен Грузия (Баку, Батуми, Поти порттары) арқылы кәрі құрлыққа жүк тасымалын арттыра алады. Түркия вице-президенті Фуат Октайдың елімізге жасаған сапары кезінде аталған бағытты жандандыру жайы сөз болды. Түріктер «Орта дәліз» деп атайтын транзиттік тасымал жобасы Анадолы – Қап тауы – Каспий теңізі – Қазақ даласы – Қытай бағыты бойынша қазірдің өзінде жүк пойызы жүріп жатыр. Мамандар «орта дәліздің» теңіз жолына қарағанда тасымал уақыты 15 күнге қысқаратынын алға тартуда.

Көмірсутегі – кәрі құрлықтың ең осал тұсы. Еуроодақ басшылары осыны жете түсінгендей. Сейсенбі күні Брюссель мұнай мен газ импорты бойынша Мәскеуге санкция жарияламайтынын мәлімдеді. АҚШ, керісінше, тыйым салды. Сарапшылар Америкадағы қиямет-қайым бейнеленген «Мен аңызбын» (*I'm Legend*) фильміндегі жанармай бағасымен бірдей, яғни 6,60 доллар болады деп отыр. Қазірдің өзінде кейбір штаттарда баға 5 долларға жақындап қалды.

Әңгіменің басында айтылған саясат пен экономиканың қабыспайтын тұсына қайта оралсақ. «Біз (*ОПЕК*) саяси ұйым емеспіз. Шамамыз келгенше, саясаттан аулақ тұруға тырысамыз. Біз мұнай жеткізу ісіне саяси сипат бермеуге күш салып жатырмыз. Біздің арамызда көзқарас қайшылығы болуы мүмкін. Бірақ, өтінеміз, ОПЕК хатшылығына бет алғанда немесе байланыс құралы арқылы кездескенде олардан (*көзқарас қайшылығы*) арылып келіңіз». Мұнайды сыртқа экспорттаушылар ұйымының Бас хатшысы Мұхаммед Баркиндо қазіргі санкция соғысына қатысты осындай кеңес береді. Айтары жоқ, пәтуалы пікір. Тек саясаткерлер құлақ асса, қанеки.

Срайыл СМАЙЫЛ,
экономикалық шолушы

Қаржы сауаты

АЛАЯҚҚА ЖЕМ БОЛМАҢЫЗ!

Жуырда ресейлік банктердің бірнешеуі SWIFT халықаралық аударым жүйесінен ажыратылатыны белгілі болды (*бұл туралы газетіміздің өткен нөмірінде жазғанбыз*). Отандық банк жүйесіне оның зардабы тимейтіні айтылды. Бірақ былайғы кезде де жұрттың қалтасына (*банк картасына*) «қол жүгіртетін» алаяқтар осындай бұлыңғыр кезеңді пайдаланып қалуға тырысатынын ұмытпайық.

«Банктің қауіпсіздік қызметінен хабарласып тұрмын» десе, кез келген адам жөпелдемеде сасқалақтап қалмай ма. Сізге қоңырау шалған адам «Біздің банк SWIFT жүйесінен ажыратылады, сондықтан ақшаны тез арада басқа қауіпсіз есепшотқа аудару керек. Осылайша жиған-тергеніңізді сақтап қаласыз. Тек жылдамдатыңыз» деп асықтыруы мүмкін. Ақшаны аудару үшін әлдебір қосымшаны жүктеуге кеңес береді. Сосын банк картасының реквизитін, карта иесінің телефонына келген хабарламадағы кодты сұрайды. Неге екенін, ешқашан көрмеген бөгде кісіге бүкіл мағлұматты айта салатын аңқау көп. Осыдан кейін «Қарға қарқ етті, ірімшік жерге салп еттінің» кері келіп, жиған-тергеніңіз бөтен біреудің қалтасына аударылып кете барады. Оған қоса, атыңызға несие рәсімдеп тастамасын деңіз. Соңғы бір-екі жылда қаншама адам осындай қитұрқы тәсілдің құрбаны болды. Әйтсе де, алаяққа жем болғандардың қатары азаяр емес.

Сондықтан кез келген уақытта алаяққа тойтарыс беруге дайын болуыңыз.

Біріншіден, қоңырау шалған адам есепшотыңыз туралы, ондағы қаржыны қалай сақтап қалуға болатынын айта бастаса, тұтқаны тастай салыңыз!

Күмәнді қоңыраудан кейін міндетті түрде банктің жедел желісіне хабарласқан жөн.

Екіншіден, қоңырау шалушының сөзі қанша сенімді көрінсе де, лақ еткізіп мәліметтің бәрін жайып салмау керек. Банкте сізге қатысты деректің бәрі бар. Сондықтан банк менеджеріне аты-жөніңізді, төлқұжат нөмірін, сізге қандай карта рәсімделгенін, онда қанша ақша қалғанын білудің қажеті жоқ. Себебі сіздің несие тарихыңызда ол мағлұматтың бәрі жазылып тұр. Мұндай ақпарат тек алаяқтарға керек.

Үшіншіден, қандай жағдайда да сабыр сақтаңыз!

Сізді асықтырып, «бол да болдың» астына алса да, «қазір банкке хабарласып білемін» десеңіз, жетіп жатыр. Алаяқ сізбен тез арада «қоштасады».

* * *

Алаяқтардың сүйікті тәсілі – аяныш тудыру арқылы ақша табу. Мәселен, әлеуметтік желіде мұқтаж жандарға ел-жұрттан ақша жинайды. Көшеде ауыр науқасқа шалдыққан баланың суреті жапсырылған қорап ұстағандар өздерін волонтер деп таныстырып, қайыр сұрайды.

Олардың мақсаты – қалайда аяныш сезімін тудырып, қалтаңызды қағу. Олармен онлайн режимде байланысқа түссеңіз, фишинг сайтқа сілтеп, сол жерде төлем деректеріңізді қалдыруға мәжбүрлейді. Онда кибералаяқтарға өз есепшотыңыз туралы мәлімет беретін шпиондық софт жүктегеніңізді білмей қаласыз.

Мұндайда не істеу керек?

Біріншіден, адал жұмыс істейтін қайырымдылық қор ешқашан еріктілерді көшеге ақша жинауға жібермейді. Олар қаржыны өздерінің ресми интернет-ресурсында, әлеуметтік желідегі аккаунтында, қайырымдылық фестивальдері мен жәрмеңкелерінде жинайды. Сондай-ақ ірі супермаркет, дәріханаларда аузы жабық қорап қояды (*біз оны күнделікті көреміз, бірақ көбіне мән бермейміз*). Қораптың сыртына қаржыны кімге жинап жатқаны және қайырымдылық ұйымның деректері көрсетілуі тиіс.

Гүлнар АХМЕТОВА

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН:

Банктен клиент картасының толық номерін, оның мерзімін, CVC/CVV, интернет-банкингтің логині мен паролін, sms-хабарламадағы кодты сұрап қоңырау шалмайды. Сіз өзіңіз бір мәселе жөнінде банкке қоңырау шалсаңыз ғана сұрауы мүмкін.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН:

Әдетте жалған волонтерлер ұйымның емес, жеке адамның реквизитін көрсетеді. Мұқтаж жандарға көмектескіңіз келсе, қайырымдылық қорының ресми сайтында көрсетілген байланыс телефонына хабарласыңыз. Сол жерден кімге қандай көмек керек екенін білуге болады.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН:

Банк қызметкері ешқашан өзі қоңырау шалып, жеке мәліметтерді сұрамайды. Егер банкте ақшалай операцияға қатысты күмән туындаса, мән-жайды анықтағанға дейін есепшотты дереу бұғаттайды.

ÁLEÝMET 5
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Игі іс

Оқырмандарымыздың есінде болса, газетімізде Алматы қаласындағы «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет орталығынан бір топ қария ұмра, яғни кіші қажылық сапарға аттанғанын жазған едік.

Құлшылық парызын орындап қайтқан қазыналы қарттар елге келген соң сапардан алған әсерімен бөлісті.

Ең алдымен, жер ортасы жасынан асқан қарттар өздерінің қажылық парызын өтеуіне мұрындық болған, барлық қаржылық шығынды өтеген атымтай-жомарт азаматтарға алғысын жаудырып, еңбектеріне табыс тіледі.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШАРАПАТЫ

Қайырымдылық жасауға ұмтылған атымтай-жомарт азаматтар «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет директоры Тұрарбек Тұманшиевқа арнайы келіп, 100 адамды кіші қажылық сапарға апаратынын, соған өзі басшылық ететін осы мекемеден адамдарды қосуын сұрапты.

«Шаңырақ» қарттар үйінің директоры Тұрарбек Мырзаәкімұлы: «Ұмра қажылығын өтеуіне қаржылай қолдау көрсетіп, қарттардың иман байлығын арттыруына септігін тигізуді көздеген азаматтардың абыройы арта берсін. Біздің орталықтан 100 адамға толмайды, сондықтан енді Қапшағай қаласындағы қарттар үйіне де өтініш жолдап отырмыз. Бұл сапардың бәрі де Жаратқан иеміздің арқасы. Алланың қалауымен алғашқы тобымыз қажылыққа барып, бес парыздың бірін өтеуге жол ашып келді. Құжатты рәсімдеп, Мекке аттанған азаматтарды шығарып салғаннан қайта оралғанға дейін ұйқым шала болды. Өйткені барлығы дерлік жасы үлкен, аман-есен келсе екен деп тіледік. Аллаға сансыз шүкіршілік, барлығы да дін аман оралды», – деді. Директордың көңілі алаң болатын да жөні бар. Өйткені қажылыққа аттанатын топқа қосылғандардың кейбірінің денсаулығында кінәрат болып, дәрігерлер де уайымдаса керек.

Кіші қажылық парызын өтеп келген жандардың әңгімесін келесі топпен баратын кісілер ұйып тыңдады. Алқақотан отырыста қызықты да әсерлі әңгіме айтылды. Тіпті бір апамыз «Айналайындар-ау, мен келесі топпен барамын, адасып кетпеймін ме, қалың адамның арасынан?» деп қорқынышын жеткізіп жатыр. Он күн сапарда болып, Мекке мен Медине қаласын аралап, жер жағдайын біліп келгендер жөн-жосығын айтып, уайымын сейілтті.

Зейнеткер Балапаш Сыздықбеков: «Менің жасым жетпіс екіде. Шетелге барып көрдім, саяхаттадым да. Бірақ Сауд Арабиясына жолым түспеген екен. Алла сәтін салып, қайырымдылық шараның нәтижесінде, атымтай-жомарт азаматтардың қолдауымен барып қайттым. Алған әсерім өзгеше. Мешіт біткенді жарқыратып жайнатып салып тастапты арабтар. Барлығы да құлшылық етуге, бес парызының бірін өтеуге әлемнің әр түкпірінен жиналған жамағат үшін. Барлық қажеттілікті табасың. Халқы сондай инабатты, намаздың уақыты таяп, мешіт мұнараларынан азан даусы естілгенде жасы да, жасамысы да жұмысын тастай салып ағылады. Естуімше, әрқайсысымыздың құлшылығымызды өтеп барып-келуімізге 1 миллион 2 жүз мың теңге қаржы жұмсалады екен. Осындай қомақты соманы төлеп, демеуші болған қайырымды жандарға алғысым шексіз. Жаратқан иеміз осындай жомарт жандардың қайырымды істерін қабыл етсін. Бес парыздың бірін өтеуге барғандықтан, құлшылықты көбірек ойлаған ләзім. Арамызда кейбір адамдар, телефонын шығарып алып қайта-қайта суретке түседі, дүкен аралап, базарға барғысы келіп тұрады. Бізге жол бастап барған жігіттердің діни білімі, таным-түсінігі жоғары, көргенді жандар екені тәнті етті», – деді.

Зейнеткер Дариға Бейіс Алладан елімізге тыныштық сұрағанын айтты.

«Қажылық парызымызды өтеуге барғанда ата-анамызға, бауырларымызға бағыштап құран оқытып, мал сойып құдайы тамақ бердік. Алланың құдіреті шексіз екеніне шүбәсіз сенесің. Әкем үшін, анам үшін де құлшылық парызымды өтеп, намазымды оқыдым. Жұма намазы араб тілінде оқылды, басқасын түсіне қоймағанымызбен дұғаның арасында пандемия деген сөзді естіп, әлемді меңдеген індет тоқтатылсын деп тілек айтылып жатқанын ұғынып, біз де дұғада болдық. Көшелері де тап-таза, артық-ауыс зат көрінбейді. Мешіттен өзіміз тоқтаған қонақүйге дейін аяқ киімізді шешіп жалаң аяқ жүрдік, шұлығымыз шаң болған жоқ. Бәрі де ретті. Көшеде бақылап тұрған тәртіп сақшылары адасып қалсаң, бағытыңды айқындап, жолыңа салып жібереді. Көп нәрсені көріп, біраз жайтты көңіліме түйіп қайттым бұл сапардан. Тақуалықты ұстанып, бес уақыт намаз оқығаныма алты айдан асты. Әр намазымның ақырында Алладан мейірім, қайырым, шапағат, медет тілеп, еліме-жұртыма тыныштық сұраймын. Өзім көпшілмін, көптің ортасында болғанды қалаймын. Осы әлеуметтік қызмет көрсету орталығынан шыққан қажыларымыз көп болсын. Келешекте осынау үйімізді көпшілік қарттар үйі деп емес, қажылар үйі деп қабылдаса екен деп тілеймін. Біздің қажылыққа баруымызға себепкер болған демеуші болған кәсіпкер азаматтарға, «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет орталығының директоры Тұрарбек інімізге алғысымыз шексіз. Осындай иманды азаматтың басшылық тізгінін қолға алғанынан шүкіршілік айтамын. Атымтай-жомарт азаматтардың қайырымдылық істері қабыл болсын», – деді.

Әлжаппар Әутәліпов: «Менің ата-бабаларым аузының дуасы, сөзі өтімді, елге беделді кісілер болған. Қажылыққа баруды, бес парыздың бірін өтеуді армандаушы едім. Жасыратыны жоқ, біздің жастық шағымыз, жігіт ағасы болған кезеңіміз коммунистік идеологияның жетегімен өтті. Атеистік қоғамды да көрдік, соған орай таным-түсінігіміз, имани сауатымыз басқаша еді. Қайырымдылық шарапатын көріп, атымтай-жомарт азаматтардың демеушілігімен арманымды Алла тағаламыз орындады. Адамда сенім, жүрегінде иман болса ғана кемелдігі артады. Алматыдан Меккеге ұшарда көзіме мөлтілдеп жас келді. Бағып-қаққан балаларды ойладым, жаратушы иеміз солардың да жүрегіне иман нұрын тереңдей себе түссе деп тіледім. Қазақ халқы жалпы шүкір еткен, барға тәубе, жоққа сабыр еткен халық. Жолға шығарда дәрігерлер менің де асқазанымда кінәрат бар деді. Тәуекел етіп қатарға қосылдым. Қажылық парызымызды өтеу кезінде зәмзәм суын құбылаға қарап, ішімнен тілегімді айтып іштім. 81 жасқа келгенімде бес парызымның бірін өтеуіме себепкер болған барлық азаматтарға алғысымды айтамын. Біздің бастап барған туристік компаниямыздың қызметкерлері де өз ісіне мығым, тапсырманды шашау шығармай тап-тұйнақтай етіп орындайды. Кілең жастар, тілге де сайрап тұр, білім, білігі де жоғары», – деп ақжарма тілегін жеткізді.

Жетпіс бес жастағы Зиба Дүйсекқызы «Шаңырақ» әлеуметтік ұйымының қарттарынан құрылған ансамбльде әнші болған екен.

«Көңіліміз алып-ұшып, барып келгенше көтеріліп жүрдік. Анамның қолы жетпеген, мүмкіндігі болмаған қажылық сапарға барып қайттық. Ұжымымыздың директорына алғыс айтамыз, іскерлігімен, азаматтығымен бізге қамқор болып келеді. Сауд Арабиясының Мекке мен Медине қалаларында болып, діни таным-түсінігімізді кеңейтіп қайттық», – дейді әншіліктен гөрі тақуалыққа бет бұрған апа.

«Шаңырақ» әлеуметтік қызмет орталығымен тығыз байланыс орнатып, қазыналы қарттар үшін игілікті істерді атқарып жүрген Берік қажы Әдиев жомарт жандарға алғысын жаудырып, батасын берді.

Айтпақшы, «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталығынан тағы бір топ ұмра қажылығына аттанып кетті.

Қуаныш РАХМЕТ

Біздің сұхбат

Темекі шегу ауруды асқындырып, сырқатқа сырқат жамайтынын дәрігерлер дабыл қағып айтса да, түтінге тәуелділердің қатары сиремей тұр. Керісінше, жыл өткен сайын көбейіп барады. Әлемде жыл сайын 6 миллион адам темекінің зиянынан ажал құшады. Бұл енді ертеректегі дерек, осы күнде алты миллионнан әлдеқайда асып кеткені ақиқат. Өкпесі ісікке шалдыққандардың 90 пайызы темекі шегетіндер екен. Эмфизема мен бронхит секілді созылмалы ауруларды өршітетін де темекі түтіні. Жүрегінің қағысында кінәраты бар жандар да темекіге әуес болса, өмірін өзі қысқартады. Өкініштісі, бұл күнде жүкті әйелдердің де арасында ерніне шылым қыстырғандары көру таңсық болмай, оған көз де үйреніп кетті.

«Темекі түтінінен азат Қазақстан үшін» ұлттық коалициясының басшысы Жәмила Садықовамен сұхбатымыз да көк түтіннің кесірі төңірегінде өрбіді.

Жәмила САДЫҚОВА:

ТЕМЕКІГЕ ТЫЙЫМ БОЛМАСА, АУРУ АСҚЫНА БЕРЕДІ

Jas qazaq: Жәмила ханым, өзіңіз басқаратын ұлттық коалицияны құрудағы басты миссия қандай? Сіздер атқарған іс-шаралар темекі түтінін азайтуға қандай да бір септігін тигізіп жатыр ма?

Ж.Садықова: «Темекі түтінінен азат Қазақстан үшін» ұлттық коалициясы темекі мен одан таралатын түрлі ауруларға қарсылығын білдіретін азаматтар мен түрлі ұйымдардың бірігуінен құрылды. Мұндағы адамдардың мүддесі мен мақсаты бір. Ең басты мақсат – темекі өнімдерінің саудасын азайтып, жаңа өнімдерінің (*вейп, IQOS, Glo*) зиян екенін ескерту. Біз бұған ақырындап болса да, қол жеткізіп келеміз. Коалиция 2005 жылы құрылды. Өзінің 15 жылдық жұмыс тәжірибесінде біздің ұжым тынбай еңбектенгеннің арқасында белгілі бір нәтижеге қол жеткіздік. Еліміздегі темекі өнімдерін тұтыну 7 пайызға төмендеді. Коалиция құрылғаннан бері темекі өнімдеріне қарсы акциялар ұйымдастырып, тіпті темекі бағасының екі есеге өсуі мен өнім сыртындағы суреттерді шынайы көрсетуге күш салдық. Бүгінде дүкен сөрелерінде темекі өнімдерінің жасырынып тұруына да біздің коалиция септігін тигізді. Сонымен қатар түтінсіз темекі мен түрлі вейптердің де сатылуына шектеу қойды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегінше, 1,3 млрд адам, яғни әлемдегі адамдардың 16,5 пайызы темекіге тәуелді.

Jas qazaq: Өкінішке қарай, шылым шегу жасы тым жасарып барады. Мектеп оқушыларының арасында да жаман әдетке тез бой алдыратындар көп. Бұлардың жолына қалай тосқауыл қою керек?

Ж.Садықова: Ең алдымен, темекі тұтынатын оқушыларға келетін болсақ, мектепке жақын маңдағы темекі сататын дүкендердің санын азайтуымыз керек. Өйткені бүгінде темекі өнімдері кез келген адамға қолжетімді. Тіпті оқушы болса да, оның жасын сұрап жатқан адам жоқ. Одан бөлек, темекі өнімдерінің бағасын қымбаттатып, оқушыға қолжетімсіз етуіміз керек. Қазір темекі бағасы 1 доллардан да аз (*айранның бағасымен бірдей*). Бағаны 10 пайызға қымбаттатқан сайын оны тұтынушының да азаятыны белгілі. Бағаның қымбаттауынан жасөспірімдер арасында темекі тұтынатындардың санын 4-8 пайызға дейін азайғанын байқадық.

Біз темекі өнімдерінің акцизін қымбаттатып, мемлекеттік бюджетке де пайда түсуін қамтамасыз етуміз керек.

Jas qazaq: Темекі өнімдерінің бағасы бірнеше есе қымбаттаса да, құмартушылардың қатары азаймай тұрған сияқты ғой.

Ж.Садықова: Сіздің ойыңызбен келіспеймін. Жоғарыда айтып өткенімдей, біз қолданған шаралар елімізде темекі өнімін тұтынуды 7 пайызға төмендетті. Егер 2007 жылы тұрғындардың 27 пайызы темекі өнімдерін тұтынса, 2019 жылы бұл көрсеткіш 20,4 пайызға азайды. Бүгінде ер-азаматтардың 36,5 пайызы, әйелдердің 6 пайызы темекі өнімдерін қолданады. Дегенмен GATS (*ДСҰ жаһандық зерттеуі*) жүргізген 2014 және 2019 жылдардағы зерттеуіне сәйкес, ерлер арасында темекі тұтыну 14 пайызға кеміген. 2010 жылы 24,2 млрд, 2015 жылы – 19,6 млрд, ал 2021 жылы 15,9 миллиард тал темекі өндірілді. Сөйтіп темекі өнімін өндіру 1,5 есеге азайды. Соңғы он жылда нарықта (*импорт+өнім*) 8 млрд данаға азайды. Ал 2021 жылы 30,4 млрд – 22,5 млрд данаға азайды. Одан бөлек, акциздерді екі есеге өсірудің арқасында мемлекеттік бюджетке 2013 жылы – 45,3 млрд теңге, 2014 жылы – 78,6 млрд теңге, 2021 жылы 232,4 млрд теңге пайда түсті. Егер түтінсіз темекінің (*IQOS, GLO*) бір килосына емес, 1 талына жиынтық алынса, мемлекеттің кірісі 50 млрд теңгеге өсер еді.

Jas qazaq: Темекі қорабының сыртындағы тым қорқынышты сурет пен адам денсаулығына орасан зиян келтіретіндігі жазылған мәліметтің әсері бар ма?

Ж.Садықова: Темекі қорабының сыртындағы адам денсаулығына зиянын тигізетін суреттер темекі тұтынатын адамдардың санының азаюына әсер етті. Қорқынышты суреттер ең алғаш рет 2013 жылы пайда болды. Сол кезеңнің өзінде темекі саудасы 25 пайызға азайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеуі бойынша, темекіге қарсы акциялар тұрғындардың темекі өнімінен бас тартуына алып келді. Әлем бойынша темекі қолданатындардың 21 пайызы никотинның зиянын біледі. Тіпті оның инсульт пен рак ауруына ұшыратуының да мүмкін екенін де біледі. Әлем бойынша темекі өнімдерінің зиян екенінен адамдардың 80 пайызы хабардар. Олар қажетті ақпаратпен толық қамтылған. Темекі өнімдерін тұтынуды азайтуда қораптағы қорқынышты суреттердің маңызы зор.

Jas qazaq: Қоғамда темекі, электронды шылымға әуестенушілердің арасында жүкті әйелдер де бар. Жүктілік кезеңінде шаранадағы балаға аса зиян емес пе, темекінің түтіні?

Ж.Садықова: Темекі түтіні құрсақтағы бала үшін зиянды екенін ғалымдар өз зерттеулерінде әлдеқашан дәлелдеген. ДСҰ мәліметі бойынша, темекі құрсақтағы баланың дамуын тежейді. Тіпті әйелдер ерте босанып, өмірге дімкәс бала әкелуі мүмкін. Электронды темекінің ұрпаққа зияны аз дегенмен, онда 2000-нан аса химиялық қоспа мен иістендіргіштер бар. Ол да өз кезегінде ана мен баланың денсаулығына жағымсыз әсерін тигізеді. Адам темекінің қай түрі болмасын, оның зиянды әсері бәрібір болатынын түсінуі керек.

Jas qazaq: Темекі шегуге қарсы қандай іс-шаралар өткіздіңіздер? Болашақта жүзеге асырылатын жоспарларыңызбен бөліссеңіз.

Ж.Садықова: Біздің коалицияның жемісті жұмысы денсаулық министрлігі мен Парламент депутаттарының қолдауымен жүзеге асты. Сонымен қатар

– қоғамдық орындарда темекі шегуді шектеу
– темекі қорабындағы графикалық ескертулер
– темекі бағасын қымбаттату
– темекі жарнамалауды шектеу
– дүкен сөрелеріне қойғызбау
– 18-21 жастан аспағандарға темекіні сатуға тыйым салу сынды жұмыстар жасалды.

Алайда темекіге қарсы қолданылған жұмыстардың нәтижелі болуына қарамастан, бүгінде электронды темекі мен вейптерге сұраныс артып келеді. Әсіресе, вейптер жастар арасында танымал. Бүгінде жасөспірімдерге сатылатын вейптерге тыйым салуымыз керек. Өйткені вейп қолданған жасөспірім кейін бәрібір темекі шегуге әуестенеді. Сондықтан жасөспірімдерге сатылатын темекі өнімдеріне түгелімен тыйым салынуы керек.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Қуаныш КӨШЕК

Қоршаған орта

Атырау өңірі мұнайлы аймақ болғандықтан, мұндағы ірі өндіріс ошақтарының табиғатқа тигізетін залалы бар. Бірақ бұл түйткілді оңтайлы шешуге болады. Оның бірден-бір жолы – ауаға лас қалдықтарды жібермеу үшін өндіріс орындарын заманауи технологиямен жабдықтау. Жаңа Экологиялық кодекске сәйкес, ірі өндіріс орындары 10 жылдың ішінде осындай технологиялармен толық жарақталуы тиіс. 2025 жылдан бастап, оның орындалуы жөнінде нақты ақпараттар талап етіле бастайды.

ЭКОЛОГИЯНЫ ЖАҚСАРТУ – КӨКЕЙКЕСТІ МІНДЕТ

«Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық ахуалды жақсарту – еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған міндет. Бүкіл өркениетті әлем жұртшылығы осы мәселеге ерекше мән береді. Бізге де мұндай жаппай үрдістен шет қалуға болмайды»

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауынан)

ҚОҚЫС ПОЛИГОНЫ ТАЛАПҚА САЙ БОЛСЫН

Жуырда Атырауға ат басын бұрған экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев өткізген жиын да аймақтағы қоршаған ортаны жақсарту мәселесіне арналды. Облысты дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарында (*Жол картасы*) экология саласы бойынша 20 іс-шара қарастырылған. Алдағы бес жылда оларды жүзеге асыруға барлығы 41,4 млрд теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 27,5 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 4,5 млрд теңге және жеке инвестиция есебінен 9,4 млрд теңге бөлінеді.

Экология министрі Жол картасын қайта қарап, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын қосымша шараларды енгізуді ұсынды. Оның айтуынша, 2021 жылы облыстық бюджетке 9 млрд теңгеден астам экологиялық төлем түскен. Жергілікті атқарушы органдар бұл қаражаттың бүкіл 100 пайызын табиғат қорғау іс-шараларына пайдалана алады. «Халық Жол картасының орындалу барысы туралы хабардар болуы керек. Тоқсан сайын халыққа есеп беру кездесулерін өткізіп, жұмыс нәтижесі туралы хабардар ету қажет», – деп атап көрсетті министр.

Облыс аумағында 55 қатты тұрмыстық қалдықтар (*ҚТҚ*) полигон болса, оның 8-інде ғана экологиялық рұқсат бар. Еске сала кетейік, бұған дейін экологиялық реттеу және бақылау комитетінің төрағасы Зұлфұхар Жолдасов облыстың барлық ауданында іс жүзінде экологиялық және санитариялық нормаларға сай келетін ҚТҚ полигондары жоқ екенін айтқан еді. Ауыл-ауылда қоқыс үйінділері лық толып, бөлінген аумақ шегінен шығып кеткен.

1977 жылы ашылған ҚТҚ полигоны Алмалы ауылдық округіне қарасты Береке ауылында орналасқан. Күн сайын ол жерге орта есеппен 300-350 тонна қоқыс төгіледі. Қазір ол лық толған. Қоқыс полигонында ара-тұра өрт болып тұрады. Бұл Атырау қаласының ауасын ластай түседі.

Облыстың Мақат пен Индерден басқа барлық аудандарында КТЖ (*кәріздік-тазарту қондырғылары*) жоқ. Министр сарқынды сулардың экологиялық рұқсат құжатынсыз жер бедеріне құйылатынын айтып, мынадай мысал келтірді: биыл жыл басында Құлсары қаласы тұрғындарының арызы негізінде «Жылыой су» КМК-на тексеру жүргізіліп, кәсіпорынның эмиссияға рұқсаты жоқ екені, ағынды сулар тазартусыз шығарылатынын анықтады. Тексеру қорытындысы бойынша әкімшілік істер қозғалды, кәсіпорынның қызметін тоқтату туралы сотқа талап-арыз берілді.

ҚАЛДЫҚТЫ АЗАЙТУ КЕРЕК

Атырау мұнай өңдеу зауытының (*МӨЗ*) қала ішінде орналасуы да экологиялық түйткілдің бірі. Әйтсе де, зауытты қала сыртына көшіру экономикалық тұрғыдан тиімді емес. С.Брекешев Атырау МӨЗ-ның бас директоры Арман Қайырденовке өндіріс қалдығын түбегейлі азайту жоспарын уақытында жүзеге асыру қажеттігін еске салды. Бұл орайда министр: «Атырау МӨЗ жыл сайын атмосфераға 10 мың тонна ластаушы заттар шығарады. Зауытта 277 қалдық шығатын көз бар. Талдау жасап, ескерілмеген қалдық көздерін азайту, мұнай құю/төгу эстакадаларын буларды рекуперациялау қондырғысымен (*БРҚ*) жабдықтау қажет. Өз кезегінде, экологиялық реттеу және бақылау комитетіне «Атырау МӨЗ» ЖШС жобалау материалдарына экологиялық сараптама жүргізу барысында қалдықтарды азайту жөніндегі шараларды енгізуді және жүзеге асыруды қамтамасыз етуді тапсырамын», – деді.

Сондай-ақ ол «Сасық сай» булану алаңына сарқынды суларды жіберу кезінде экологиялық заңнаманың жүйелі түрде бұзылатынын айта келе, 2020 жылдың қараша айында құрамында мұнай өнімдері көп тазартылған ағын сулардың ағызылғанын еске салды. С.Брекешевтің айтуынша, жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша айыппұл санкциясының жалпы сомасы 70 миллионнан астам теңге болған. Осыған байланысты ол зауыттың бас директорына тиісті бақылауды қамтамасыз етіп, эмиссияның нормативтен тыс болуына жол бермеуді тапсырды.

ТШО-ҒА ҚОЙЫЛҒАН ТАЛАП

«Теңізшевройл» (*ТШО*) – еліміздегі мұнай өндірудегі алпауыт компания. Отандық экономиканы дамытуға зор үлесін қосып келеді. Атырау өңірінде түрлі әлеуметтік мәселелерді шешуге араласып, іс-шараларға демеуші болады. Өндірістің аймақ экологиясына тигізетін зиянын да айтпауға болмайды.

Осы орайда министр ТШО нысандарына іргелес жатқан елді мекен тұрғындарының алау қондырғыларынан шығатын зиянды заттарға қатысты талап қойды. «Теңізшевройл» ЖШС-де алауда газ жағатын технологиялық жабдықтар жұмысында жүйелі ақаулар орын алады. Алайда сіздер жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың нормаларына сілтеме жасай отырып, бұл технологиялық тұрғыда жағылуы тиіс деген жағдайға жатқызасыздар. Осыған байланысты ТШО газды техникалық міндетті жағу көлемін азайтып, олардың себебін анықтауы қажет. Биылғы жылдың 2-тоқсанының аяғына дейін уақыт беріледі», – деді нықтап.

Бұдан басқа, ол мердігер компанияларға бақылаудың төмен екенін атап өтті. Мәселен, «KSS» ЖШС жұмысын тексергенде, кәсіпорынның қалдықтарды экологиялық рұқсатсыз өңдегенін көрсетті. Экология департаментінің талап-арызы бойынша сот шешімімен кәсіпорынның қызметі тоқтатылды.

«Жаңа Экология кодексінің 12-бабы I санаттағы объектілердің (*ТШО*) операторларын мердігер мекемелерге барлық қажетті рұқсат құжаттарын рәсімдеуге міндеттейді. Сондықтан ТШО мердігер мекемелерге толыққанды өндірістік экологиялық бақылауды қамтамасыз етіп, олардың қызметі үшін жауапкершілік алуы қажет. Су бұру мәселесіне келсек, ТШО сарқынды суларды булану алаңдарына жіберу және ағын суларды жерасты қабаттарына айдау кезінде (*ЗВП булану алаңы, ПИВ, КТЛ булану алаңдары, ағын суларды жерасты қабаттарына айдау кезінде*) жүйелі түрде нормативтерден асып түседі. Анықталған фактілер ТШО тазарту қондырғыларының тиімсіз жұмыс істеп жатқанын айғақтайды. Сіздерге нормативтен тыс эмиссия фактілерін толықтай жойып, су үнемдейтін технологияларды және сумен жабдықтаудың айналмалы жүйелерін енгізу керек», – деді С.Брекешев.

Министр 1 желтоқсанға дейін қоршаған ортаның жай-күйін барлық параметрлер бойынша (*радиоэкологиялық жағдай, халық денсаулығы, ТШО-ның қызмет нысандарының жұмысынан тұрғындарға түсетін өлшемді жүктемелер*) бағалауды тапсырды.

Тағы бір келеңсіз жәйт ТШО қалдықтарын тасымалдау және Құлсары қаласы аумағындағы ТШО вагондарын жуып-шаю және қызмет көрсетумен байланысты. Экология министрі ТШО-ға келісімшарттық аумақ шегінде өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу мәселесін шешуді, елді мекендер маңында қалдықтарды тасымалдамауды, вагондарды жуып-шаю және оларға қызмет көрсету учаскелерін қайта орналастыру мүмкіндігін қарастыруды тапсырды.

Нұргүл НАСЫР,
Атырау облысы

Жасыл Алматы

Алматыдағы Қарағайлы саябағы аумағында дәстүрлі ағаш отырғызу шарасы өтті. Бұл шараны кезінде экобақ құру туралы бастама көтерген ECO FUND TABIGAT ұйымдастырды. Көшет отырғызу Жасыл экономика басқармасы мен Алатау ауданы әкімдігінің қолдауымен Қазақстанның көгалдандыру қауымдастығымен бірлесіп жүргізілді. Ағаш отырғызуға отандық бизнес өкілдері де қатысты.

Қарағайлы саябағын дамыту жобасы екі жыл бұрын, 2020 жылдың қаңтарында басталды. Ол кезде табиғат жанашырларының қатысуымен 33 қарағай отырғызылды. Содан бері бұл жобаға тек бизнес өкілдері мен жоғары оқу орындары, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар да өз назарын аударды. Бүгінгі таңда Қарағайлы саябағы аумағында 6000-нан астам ағаш өсіп тұр. Жайқалып өскен жасыл желек көңілге қуаныш ұялатады. Бақта егілген көшет саны жоспарланған 35 мың ағашқа жуықтап келеді. Жоба бастамашылары кеше ғана полигон болған жерде қаланы оттегімен байытатын орман өседі деген үмітте. Қазірдің өзінде Қарағайлы саябағы 219 тонна оттегі өндіреді, 197 тонна көмірқышқыл газын сіңіріп, 120 тоннаға дейін шаң-тозаң ұстайды.

Экоактивистер қала аумағын көгалдандырудың маңызын ұдайы айтып жүр. Мәселен, ECO FUND TABIGAT осы жобаны қолға алғанға дейін зерттеу жүргізіп, жасыл көшеттердің Алматыда ДДҰ нормалары талап еткен мөлшерден 4 есе аз екенін анықтады. Статистика көрсеткендей, соңғы жылдары қалада ондаған мың адам өкпе ауруына шалдыққан. Бұл таңқаларлық жайт емес. «Табиғат» экологиялық одағының басшысы Мәлс Елеусізов атап өткендей, Алматыдағы ауаның ластануы өте қауіпті деңгейде.

«Қазір Алматыда үш миллионға жуық адам тұрады, қала қарқынды өсіп келеді. Күн сайын Алматы көшелерімен миллионға жуық көлік жүріп өтеді.

АҒАШ КӨБЕЙСІН!

«Мен Қазақстан бойынша 2 миллиард түп көшет отырғызу бастамасын ұсындым. Өйткені біз, шын мәнінде, көгалдандыруға зәруміз. Алматы бұрын жасыл қала еді. Өкінішке қарай, қазіргі кезде бұл мәртебесін жоғалтып алды. Айрылып қалған мәртебемізді қайтаруымыз керек. Ағаш егу – биік мәдениеттіліктің белгісі».

(Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ)

Кептеліс көп, қозғалыс жоқ, мұндайда ауаға тарайтын зиянды қалдық арта түседі. Осының бәрі қаламыздың экологиялық климатына кері әсерін тигізеді», – дейді Мәлс Елеусізов.

Осы тұрғыда бақтарды сақтау және жаңа ағаштарды тұрақты отырғызу қажеттілігі бұрынғыдан да маңызды бола түсті. ECO FUND TABIGAT төрағасы Тимур Елеусізов былай дейді: «Біздің қор барлық күш-жігерін жұмсап, көгалдандыру қажеттілігіне барынша белсенді назар аударуға тырысады. Қарапайым азаматтардың, биліктің және әлеуметтік жауапты бизнестің бірлескен күшімен ғана жағдайды жақсарта аламыз. Экологиямыздың мүшкіл хәлін түзету бір күннің ісі емес, алда әлі көп жұмыс күтіп тұр».

Қазіргі таңда «Қарағай орманы» экобағында жергілікті тәлімбақтарда өсірілген қарағайдың 330 көшеті отырғызылды. Қарағайдың пайдасын тәптіштеудің қажеті жоқ. Көптеген санаторийлер мен демалыс үйлері қарағай орманы жанында орналасқаны бекер емес. Оның қылқан жапырақтары көп мөлшерде фитонцидтер, яғни ауру тудыратын бактерияларды жоятын заттар шығарады.

Жобаның барлық қатысушыларының мақсаты – экобақ құру ғана емес, жұмыс аясын кеңейтуді де көздейді. Бастапқыда уәде

етілгендей, экобақта көшеттерді уақытылы суару жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Evrika компаниясының коммерциялық директоры Данияр Сасықов: «Біздің компания қаланы көгалдандыру жобасына 2020 жылы қолдау көрсетті. Содан бері экобақ ұйымдастырушыларымен белсенді ынтымақтастықты жалғастырып келеміз. Қазіргі таңда өз қолымызбен отырғызған көшеттердің көз алдымызда жайқала өсіп келе жатқанын, қағаз бетіндегі жобадан қаланың жасыл қорының маңызды бөлігіне айналғанын көру көңіл қуантады. Бұл сіз бен біздің денсаулығымыз және Алматының жалпы экологиялық жағдайы үшін зор пайда әкеледі. Сондықтан да Қарағай саябағын дамытуға атсалыса береміз», – деп атап өтті.

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Тұлға

Оның бейнесі аңыздар мен сентименталды сипаттамаларға толы. Бүгінде ғасырлар бойғы қордаланып қалған құжаттарға сүйене отырып сөйлеуге мүмкіндік туындап отыр. Құрманжан датқа ежелден қырғыздар өмір сүрген кең таулы аймақтың шын мәніндегі билеушісі болды. Тарихта қалғаннан гөрі, халықтың тарихтың қалуын, ақиқаттың жеңуін армандады.

ҚҰРМАНЖАН ДАТҚА

Құрманжан датқа 1811 жылы Ош қаласына жақын маңдағы Орок айлағында Маматби деген диқанның отбасында дүниеге келген. Ол 1832 жылы 21 жасында Барғы руының биі ретінде Қоқан хандығынан «датқа» дәрежесін алады. 1862 жылы Әлімбек жұмбақ өліммен қаза тапқан соң, ағайын жұрты билікті Құрманжанға беруді дұрыс көреді. Бұл Құрманжанның ақылды, ел билеуге қабілетті адам болғандығын дәлелдейді. Сол уақытта бір-бірімен жақсы қатынаста болған Бұхара әмірі Сейіт Мұзаффар Әд-дин мен Қоқан ханы Құдияр келісіп, Құрманжанға «датқа» лауазымын берген. Мұндай дәреже хандықта он-ақ адамға берілетін. Орыс тарихшылары бұл шенді жергілікті деңгейдегі генерал-губернаторға сай әкімшілік қызметтің басшысы деп бағалаған. 96 жыл ғұмыр сүрген Құрманжан датқаның билікке араласқан жылдары – қырғыз тарихындағы аласапыран жаугершілік заман. Тәшкент пен Қоқанның Ресей империясына оңайлықпен бағына қоймаған кезі. Үндістанды басып алған Ұлыбритания мәуелі баққа оранған Ош жеріне сұқтанып тұрған. Құрманжан датқа осындай ауыр кезеңде қырғыз халқының тұтастығын сақтап қалуға атсалысты.

Мұсылмандық заңдар мен Шығыс дәстүріне сай, ол 18 жасында ұзатылыпты. Алайда жаратылысы сұлу Құрманжан өзі сүймей қосылған күйеуін тастап, өз еркімен туған үйіне, әкесі Маматбидің шаңырағына қайта оралған. Маматби өз қызының бұл қылығын дұрыс көрмесе де, оған қарсы шарасы болмаған. Себебі қызының ақылсыз еместігін білетін әке бір болымсыз істің болғанын сезген. Мұндай оқиға бұрын-соңды мұсылман дәстүрінде болмаған екен. Сондықтан жергілікті ақсақалдар мен молдалар, туыс ағайындар Құрманжанның әрекетін айыптай отырып, алда қандай шара қабылдау қажеттігін білмей аңтарылыпты. Өйткені қалың малы төленіп қойылған. Ежелгі әдеп-ғұрыпқа қатты сүйенген айыл қожалары сол жолы не айтарын білмей қатты қобалжыпты.

Бірақ оған тарих өз түзетуін енгізеді. «Еркектің тоғыз иман, бір нәпсісі бар, әйелдің бір иман, тоғыз нәпсісі бар» дейді. Еркек бір нәпсінің жолында тоғыз иманға ие бола алмай қалса, әйелдің тоғыз нәпсіні бір иманға үйіріп қоюға шамасы келеді. Өйткені еркектегі тоғыз иманның шақыртқысы әйелдің бойындағы тоғыз нәпсіге байланған деседі. Әйел имандылыққа келгенде ғана иманның көңілі жайланатын көрінеді. Құрманжан анамыздың кейінгі тағдыры осы жолмен жүреді.

Хижраның 1247 жылғы теке айында (*1831 жылдың шілдесінде*) шаңды топырақ құрсауындағы Ош өңірі арқылы Әндіжан уәлаятының хакімі оңтүстік қырғыздарының Әдіген тайпасының барчы руының билеушісі атақты Алымбек жолаушылап өтеді. Жол шырайы қашан жеңіл болған? Оның Алайға қарай бет алған беті екен. Ел арасындағы даулы істерге араласып, ел ішіне аты енді таралып жүрген Құрманжанды Алымбек хакімге алып келеді. Құрманжан атағы алты ауылға белгілі хакімге иіліп, сәлем салады.

– Тәкаппар Құрманжан сіз бе? – деп сұрайды хакім.

Ол тағы да тағзым етіп, ишарат білдіреді. Алымбек оның көркемдігі мен бекзаттығына таңданыспен қарайды. Ұсыныс жасалады. Осылайша Құрманжан әйгілі Жоғарғы уәзір және Қоқан хандығының билеушісінің адал серігі, жары, балаларының анасы және сенімді кеңесшісіне айналады. 1862 жылдың жазында Алымбек билеуші төтеннен болған сарай төңкерісінің құрбаны болады. Бірақ тәжірибелі әрі дана Құрманжан билікті өзгелердің қолына бермей, Алай халқының тәуелсіздігін сақтап қалады. Ол Бұхара әмірі Мұзаффар мен Қоқан ханы Құдиярдан мұрагерлік құқықтар мен «Датқа» атағының заңдылығын куәландыратын құжаттарды талап етеді және оған қол жеткізеді.

Өз тұлғасын өзі сомдап, өз бейнесін өзі жасауға ұмтылу – ерлік. Ол өз бейнесін өзі жасайды. Алайда өзі туралы пікір тұжырымдауға асығыстық жасауға жол бермейді. Оның өзімшілдікке алып баратынын сезеді. Құрметтелу үшін емес, құрмет көрсету үшін қызмет етуге құмбыл тұрады. Ауырын өзіне, жеңілін халыққа тілейді. Қырғыз халқының бойында бабаларының ұрпаққа деген ұлы ұстанымы сақталса, тірі жесір, тірі жетім болмастығын, жатқа ұлтарақтай жер бермейтініне сенеді. Бірақ қырғыздардың өзгеге өзегін үзіп беріп, ешкімге қиянат жасай алмайтындығынан кейде өздері қиянатқа ұшырап қалатынына көзін жеткізеді. Ал бұл қиын кездегі ең осал мінез еді. Сондықтан ел билегенде қару асынып, жалау желбіретіп, атқа қонбаса, болмайтынын біледі.

Империяның қысымы өз алдына, бұл біртұтас Қоқанда бейбітшіліктің мұрты бұзылып, тыныштықтың мазасы кетіп тұрған сұрапыл кезең еді. Хандықтың тұрпатынан тыныштық қашса, қайдағы ел. Бұл әлі нақты мемлекеттігін құра алмай отырған қырғыздар тарихында ерекше үлкен дүрбелең туғызды. Сол тар заманда қырғыздар тарихында тұңғыш әйел билеуші тарих сахнасына шығады.

Құрманжан билік басына келген кез – XVIII ғасырдың соңы. Осы бір тастүнек кезеңде қырғыз тарихында елеулі оқиғалар болып жатты. Хиуа хандығына бағынышты жерлердің өзінде қырғыз бай манаптары өз саясатын дербес жүргізуге тырысып бақты. Бұл кезеңде қырғыз халқының атқа мініп, шайқасқа кірмеген күндері болмаған. Олар қырғыз айлағын қорғап, елдігін бекемдеуге барынша сап түзеп жауға қарсы шықты. Осы жылдары Құрманжан анамыз өзі қанша тәуелді болса да, бар билікті қолына алуды ойламай қалған жоқ. Бірақ ол үшін ыңғайлы сәтті күтті.

1875 жылы қырғыздардың Қоқан үстемдігіне қарсы халықтық қозғалысы өзінің шарықтау шегіне жетеді. Қырғыздар өзбек шаруаларының қолдауымен қышлақтар мен Ферғананы күшпен басып алады. Құдияр хан орыс әскери жасағының қорғауымен Ресей шекарасына қашып тығылады. Хан тағына оның кіші ұлы Насреддин отырады. Енді көтеріліс басылады деген үміт қайта тұтанып, одан да күшейе түседі. Көтерілісшілер Насреддинге қарсы Ысқақ Хасанұлын өз бетінше хан деп жариялап, оны дәстүрлі әдет-ғұрып бойынша ақ киізге отырғызып, Пулат хан атымен биікке көтереді.

1876 жылы Түркістанның генерал-губернаторы Кауфман әскери қолбасшы Скобелевке Алайға қарай жылжуды және сол жаққа қашқан Пулат ханның сыбайластарын, Құрманжан датқаның Абдуллабек деген ұлын талқандауды бұйырады. Осы мақсатта Скобелевтің жеке басшылығымен бірнеше қанқұйлы отрядтар құрылады. Орыс әскерлеріне көмекке өзінің қарулы жасағымен Солтүстік қырғыздардың атақты батыры Шабдан Жантаев барады. Құрманжан датқа осыдан соң қырғыз халқының ілкі замандардан жалғасып келе жатқан дүниетанымы мен ұстанымы, ой-толғамы, қасиетті қағидасы исламның имани иірімдерімен астасқанда ғана бүтінделетінін біледі. Бабаларының ұрпаққа деген ұлы ұстанымы сақталса, тірі жесір, тірі жетім болмасын болжайды. Жауларына ұлтын ұлықтайтын ұлт барда жатқа берілмейтінін сездіре біледі. Халықтың қажетіне жарайтын жамау болғаннан гөрі, оған қарсы тұрар күш болғанын қалайды. Ұтымды ұстанымы, қатаң қағидасы, өзін қорғайтын беделді заңы бар халық ғана ел санатына қосыла алатынын бағамдай біледі. Оған өзі бас болып үлгі көрсетеді. Кісіден сауын саумайды, жатқа алақан жаймайды, оқалы камзол кимейді. Ішкі жаудан, сыртқы жаудан аман елдің, азат ел болатынын сезеді.

Ұлттық ұстанымы, халықтық қағидасы, салиқалы салты бар жұрттың ертеңі өр болатынын айналасындағы жұртқа айтудан таңбайды. Атақ-мансап үшін дінін де, түбін де, жақынын да сатып кететіндер барын салып абырой таппасын да ескертеді. Күні үшін тегін сатқандардың күні – түн, жігері – құм, жолдасы – жын, ұмыры – сын болатынын айтудан таңбайды. Себебі патша жағындағылар қырғыз манаптарына шен-шекпен жауып, ел арасынан өздеріне қарай жақтастар тартып жатқан кез болатын. Сондықтан тұтас болудың, бүтін бір халық болудың жолын іздестіреді. Ол осы қағиданы ұрпағына ұйыта біледі.

АНАҒА БАЛАЛАРЫНЫҢ АЛДЫНДА ЖАЯУ ЖҮРУГЕ БОЛМАЙДЫ

Генерал Скобелев Ресейге бағынғысы келмейтін және газават ұрандарының астында соғысқа түскен бүлікші отрядтардың соңына түседі. Оларды көтерілісшілердің жетекшісі Пулат хан қаза тапқаннан кейін Құрманжан датқаның ұлы Абдуллабек басқарады. Қасында екі ағасы Маматбек пен Хасанбек те болады. Бұл кезде тауда Құрманжан да жасырынады. Көп ұзамай Алай патшайымы тұтқынға түседі. Алайда оны Скобелевтің ставкасы сән-салтанатпен қарсы алады. Оның халық арасындағы беделі мен абыройына құрмет көрсетіліп, Алай қырғыз патшайымына тән жоғары мәртебе беріледі. Мұндай құрмет бұған дейін ешбір жанға көрсетілген емес еді.

Империялық пиғылдың болашағын әріден ойлап, оның түсіп тұрған «көлеңкесінің» ұлғаюынан қауіптенеді. Сондықтан оның өкпесіне шоқ басуға бейім тұрады.

Ол бір қараңғылық бұғауының қамыты халықты әбден езіп, жаншып тастаған кезі еді. Кез келген халықтың рухын күйрету үшін, әуелі санасын сарсаңға салу керек. Жасанды жоқшылық, ойдан шығарылған аштықтан рухани ашаршылығына ұшырау жаныңды жейді. Одан рух пен діл әлсірейді. Бос қалған қуысқа үрей қоныстанады. Құрманжан датқа халықты осы үрейге түсіп кетпеуінен сақтандырады. Үй-үйді аралап, жұрт арасында әңгіме өткізеді.

Босағасынан бақ тапқан, бәйбішеден бап тапқан еркек далаға тек тоқ басу үшін шығады. Еріне жаққан әйел, еліне де жағады. Халық оны шын мәнінде еркекке бергісіз әйел ана ретінде көреді. Әйтпесе, генералдардың генералы атанып кеткен Скобелевті мойындатуы оның қайтпас батырлығы мен соңынан ел ерте білетін айбарын көрсетеді. Әйелі ізетті, еркегі қайратты елді жұрт мойындай отырып, оның айтқанына көнеді. Егер халық ымыралы болмаса, мұздай қаруланған орыс әскері азғантай қырғызды туталақай қылар еді ғой. Бірақ олар бұл әуселесін оңайлықпен істей алмайды.

Мойындату демекші, генерал оны салтанатпен қарсы алып тұрып, жиналған көпшілік алдында:

– О, батыл ұлдардың анасы! Осыдан соң мені де ұлым деп ойлаңыздар, – дейді. Оның бұл сөзі жалаң, десек те, жергілікті халықты сөзіне иландырудың бір амалы болған сыңайлы.

Генерал-губернатор мен генерал Скобелевтің сенім артуымен Құрманжан ұлдарына туған көштеріне оралып, күресті тоқтатуға шақырады. Алайда оған Абдуллабек ғана бағынбайды. Ол кордоннан шығып, Меккеге барар жолда қайтыс болады. Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфман оның ұлдарын Ош уезінің болыс билеушілері етіп тағайындайды.

Осыдан кейін Алай патшайымы өз тағдырын Ресеймен мәңгі байланыстырудың жолын қарастырады. Бірақ оны қырғыз халқының есебінен жүргізбейді. Ол әскери және азаматтық әкімшіліктің көптеген өкілдерімен жақсы қарым-қатынаста болады. Ол Ферғана облысының әскери губернаторымен хат алмасып, онымен бірнеше рет сыйлықтар, фотосуреттер алмасады.

Бейбіт заман орнайды. Құрманжан датқа Алайдағы халық пен билікке ықпалын сақтап қалады. Ол даңқ шыңында болып, жалпыға ортақ құрметке ие болады. Ол «Халықтың анасына» айналады. Алай патшайымы ретінде оны Ресейде және көрші мемлекеттерде де құрмет тұтады. Бұл ресми мойындау еді. Ол алдымен империя билігіне өзін мойындатып алады. Содан соң халықтың онымен күресу жолын таңдауына психологиялық дайындық жұмыстарын жүргізудің жолын қарастырады. Ол үшін ел арасында билігі бар адамдарды жанына топтастырады. Мақұлшыл, айтқанды орындап, өз пікірін тұншықтырып отыратын адамдар көбейген сайын қоғамның тұрақсыздана түсетінін біледі. Қырғыздар арасында патшалық билік алдында бел бүгіп, «бұранда» болатындар мен өз пікірін орыстар алдында ашып айта алмайтындардың көп екенін де аңғарады. Мінезін қысқа күнде мың құбылтып, сыбырға құлақ түрушілер мен сығалап тың тыңдау, бір нәрседен секем алса, оны жоғарыға жеткізіп барушылардың да бар екенін сезеді. Осыған сай халық арасында екі түрлі мораль бар екенін, біреуі – құлдық ұру, екіншісі – орыс алдында бас имей, табандылықты биік қоятындардың айырмасы барын ұғады. Құрманжан датқа осылардың алғашқысы өте қауіпті екенін біліп, солардың санасымен күресуді өзіне міндет етіп қояды.

Ол Қоқан хандығының озбырлығына да, Ресейдің отаршыл саясатына да бір уақытта қарсы шығады. Бірақ кейінгісінің күштілігіне, жеңбей қоймайтындығына көзі жеткен соң мәмілеге барады. Тіпті патша әскері ұлы Қамшыбекті жазықсыз кінәлап, көзінше дарға асып жатқанда да арашаға түспеуге тырысады. Өйткені жандармдардың алдында тізе бүксем, қырғыз елінің тізе бүккені деп есептейді. Қайғылы қазаға өжеттігін қарсы қояды. Дарға жақын келіп баласына қайрат беріп: «Ел алдында ажалға тіке қара!», – деп айқайлайды.

Құрманжан датқаның тағы бір ерлігі ел аузында айтылып келеді. Датқаны билікте жүрген балаларымен бірге генерал-майор М.Д.Скобелев аудиенцияға шақырады. Далаға арнайы шатыр тігіліп, мейман аттан түскен соң жүретін аралыққа кілем төселеді. Құрманжан датқа кілемді ат тұяғымен таптап, шатырға жетіп барады. «Кілем үстімен неге жаяу жүрмедіңіз, бұлай етуіңізге не себеп болды?» деп сұраған генералға: «Мен анамын. Анаға мұндай сәтте балаларының көзінше жаяу жүруге болмайды», – деп жауап берген. Неткен тектілік дерсің!? Бұл ұрпақты қайсарлыққа тәрбиелеудің үлгісі болған! Жалпы патшалық империя бұл далаға келгенге дейін қырғыздардың ұйымшылдығынан, кішінің – үлкеннің алдындағы міндетінен, үлкеннің айтқаны – кішілер үшін бұлжымас заңдылық екеніне үрке қараған. Генералмен сол кездесуде Алай ханшасы: «Біздің ата-бабамыз ешқашан табиғаттың тылсым күшіне табынған жоқ. Тәңірдің жаратылысы деп таныды, үстемдік жасап, өктемдік жүргізбеді. Аялай жүріп саялады. Жаратушының бейнесін шексіздік деп қабылдады. Құдіретін тәубесіне түйіп, кеудесінде сақтады. Жерді – Анам, көкті – санам, деп санады», – дейді. Ол осы айбары арқылы қырғыз халқының ел билеу дәстүріндегі қалың бұқара мен биліктің арақатынасында көпір қызметін атқаратын өз институтын қалыптастырды.

...Құрманжан датқа, Маматбиева 82 жыл бойы Ферғана қаласының бұрынғы мұсылман билеушілері арасында көрнекті рөл атқарады. Ферғана алқабының қырғыздары арасында Азиядағы ең ықпалды әйел болып танылады. Әрі сол ықпалын соңғы күндеріне дейін сақтайды.

Құрманжан датқаның күйеуі Алымбек Ош пен Әндіжан өлкесінің әкімі болады. Күйеуі Құрманжанның даңқы мен ықпалын соңғы күндеріне дейін атқаруына жағдай жасайды. Ол өзінің үлкен ұлы Абдуллабектің атынан көп буынды утуз-огул руына билік жүргізеді. Рулық, тайпалық қырғи қабақ соғыстың кезінде Худояр хан Құрманжан датқаны өз жағына тартады. Қырғыз танаптарын басқару кезінде оның көрнекті дарынын және халық арасындағы беделін пайдалануға тырысады. Оған датқа (*генерал*) атағын беріп, бүкіл Алай көшпелі халқының билеушісі етіп бекітеді. Ал оның үлкен ұлы Абдуллабекті Ош қаласының әкімі етіп тағайындайды. Мұндай жоғары атақ беру мұсылман халықтарының тарихындағы жалғыз үлгі болып табылады.

Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ

(Жалғасы келесі санда)

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫМ



Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ, *актриса, Қазақстан еңбек сіңірген қайраткері:*

Алғашқы сахнам қора еді...

Әр адамның ең ұмытылмас сәті балалық шағы ғой. Кей оқиға жадында сақталмай қалуы мүмкін. Ал алаңсыз өткен балалық шақ ешқашан ұмытылмайды.

Мен Алматы облысы Ұйғыр ауданына қарасты Ақтам ауылында өмірге келдім. Біздің жақтың табиғаты көркем, ауасы таза, адамдары да аққөңіл. Ата-анамның ерке қызы болдым. Көбінесе үйдің жұмысын емес, сырттағы жұмысты істейтінмін. Ыдыс жуғаннан гөрі, қар күрегім келетін.

Әке-шешем өнер десе, ішкен асын жерге қоятын дархан жандар. Сондықтан өнерге келуіме жол ашқан ата-анам десем, қателеспейтін шығармын.

Жазда бәріміз үйдеміз, ауыл іші толған бала-шаға. Ал біздің үй сол ауылдағы ерекше үй дер едім. Отбасымыз құдды оркестр дерсің. Ата-анамызбен бірге кешкілік ансамбль болып ән шырқайтынбыз. Біріміздің қолымызда домбыра, енді бірімізде – сылдырмақ. Аспап жоқ болса, ас үйдің керек-жарағын, кейді тіпті мүйіз ұстап алып концерт қоямыз. Осы бір сәт есімде мәңгі сақталыпты.

Біз әкенің тәрбиесіне қарап өстік, әкенің бір қарағанының өзі көп нәрсені ұқтыратын. Әкем таңертең жұмысқа кетерде «ананы-мынаны істеңдер» деп әрқайсымызға тапсырма береді. Оның айтқаны – бұлжымайтын заң. Алдымен тапсырманы орындауға кірісеміз де, түске дейін бітіріп тастаймыз. Әпкелерім үй тазалығына жауапты болса, інім даланың жұмысын реттейді. Мен іниме көмектесемін. Әкем түскі асқа келгенде, жан-жағына қарап, көзімен бір шолып өтетін.

Осы сәтте біздің кеудемізді мақтаныш кернейтін. Өйткені әкеміздің айтқанын орындап қойдық емес пе.

Менің үлкен өнерге деген алғашқы қадамым бала кезде басталды. Қатарластарымды жинап алып, жалғыз өзім концерт қойып береді екенмін. Үйдің артында қора болатын. Сол қора менің алғашқы сахнам. Достарымды қораның үстіне қаз-қатар отырғызып қоямын. Қолыма ағаштан микрофон жасап, неше түрлі әндерді айтып, пародия жасағансып, әйтеуір, бар өнерімді саламын. «Көрермендер» концерт көруден жалықса, демде мұғалім болып «сабақ» бере бастаймын.

Мектеп бітіргеннен кейін арман қуып, Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының «Театр және кино актрисасы» мамандығы бойынша оқуға түстім. 1991 жылы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрдың актрисасы атандым. Өнерге құлай берілдім. Театрға жиырма жасымда келдім. Алғашқы жылдары театрдан шықпайтынмын. Тіпті мен ойнайтын спектакль болмаса да келіп алатынмын. Содан бері өнер қазанында қайнап келемін. Өнер дегеніміз – тазалық, адалдық. Мамандығыңа деген адалдық. Мені өнерге жетелеген – бала арманым.

Жазып алған
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

СӨЗТҮЗЕР

Әрбір мерекелер

МЫСАЛ: Әрбір айтулы мерекелер қарсаңында әлеуметтік нысандарды пайдалануға беру жақсы дәстүрге айналды.

Қазақ тілінде *әрбір* сөзінен кейін есім сөзге көптік жалғауы жалғанбайды. Көпше түрде қолдану – орысша *перед каждыми праздниками* дегенді калькалаудан болған қате.

ДҰРЫСЫ: Әр айтулы мереке қарсаңында әлеуметтік нысандарды пайдалануға беру жақсы дәстүрге айналды.



Әртүрлі санын ала алады

МЫСАЛ: ...Азаматтар бюллетеньнің әртүрлі санын ала алады.

Орыс тіліндегі ...*могут получать разное количество бюллетеней* тіркесімінің калька аудармасы. *Әр түрлі сан* деген қазақ тіліне жат тіркесім.

ДҰРЫСЫ: Азаматтар бірнеше бюллетень ала алады.

«СӨЗТҮЗЕР».
Қате қолданыстар сөздігінен

ЕРІКТІЛЕР-2022

Елі үшін еңбек ететін еріктілер

Бүгінде өз еркімен қоғамға пайдасын тигізгісі келетіндер көп. Әсіресе, жастардың белсенділігі жоғары. Пандемия кезінде «Біз біргеміз» ұранын ту етіп, ел игілігіне арналған бастама бүгінде еріктілерді біріктіретін ыстық ұяға айналды. Алматыдағы «Жас Отан» жастар қанаты жанынан құрылған «Біз біргеміз» жалпыұлттық еріктілер қозғалысының жетекшісі Жандос Тәліпов еріктілер қатарының күннен-күнге көбейіп жатқанын айтты.

Ол: «Біз біргеміз» жалпыұлттық еріктілер қозғалысы пандемия кезінде құрылған болатын. Өздеріңіз білесіздер, Алматы қаласындағы еріктілер тобы жұмыла жұмыс істеп, ауызбіршіліктің нағыз үлгісін көрсетті. Ең басты мақсат – күн демей, түн демей Алматы қаласындағы 8 аудан бойынша көмекке мұқтаж отбасыларға азық-түлік себеттерін, қарт кісілерімізге дәрі-дәрмектерін уақытылы жеткізді. Сонымен қатар медицина, құқық қорғау, коммуналдық шаруашылық қызметкерлеріне ыстық тамақ пен қорғаныш заттарын үлестірді.

Біздің еріктілер «Қасіретті қаңтар» оқиғасында жанкештілікпен әрекет етті. Қала ішінде жүріп-тұру қиын болса да, 8 аудан бойынша 500 отбасына азық-түлік себеттерін таратты. Одан бөлек, әскери қызметкерлер мен коммуналдық шаруашылық қызметкерлеріне ыстық тамақ жеткізді. Алматыдағы жатақханаларда қалып қойған 2000-ға тарта студенттерге де ыстық тамақ апарып, олардың қауіпсіздігін қадағалауға қомақты үлесін қосты», – деді.

Бүгінде Алматыда «Біз біргеміз» жалпыұлттық волонтерлер қозғалысынан бөлек, «Алматы еріктілері», сондай-ақ ең ірі жоғары оқу орындарындағы студенттерден құрылған еріктілер тобы бар екен.

«Біз біргеміз» еріктілер қозғалысының жетекшісі Жандос Тәліповтің айтуынша, қаладағы еріктілер тобы бір-бірімен тығыз байланыста.

«Жас Отан» жастар қанаты жанынан жедел штаб құрылып, алдағы жылға жоспар құрдық. Бүгінде қаламызда бізден бөлек, көптеген еріктілер ұйымы жұмыс істейді. Алдағы уақытта олармен бірлесіп, жаңа жобаның тұсауын кесіп, жұмыс бастасақ деген ойымыз бар. Қазақта «Жалғыздың үні шықпас» деген мақал бар. Біз еліміз үшін, жеріміз бен халқымыз үшін аянбай еңбек етеміз. Еріктілер қатары күннен-күнге көбеюде. Біздің колл-орталығымыз бар. Инстаграмда арнайы парақшамыз жұмыс істейді. Ерікті болғысы келетін жастар осында өзінің түйіндемесін қалдыра алады.

Бізде үміткерлерге қойылатын темірдей тәртіп немесе қатып қалған талап жоқ. Тіпті жасына да қарамаймыз. Сондықтан еліне, жеріне өз еркімен көмектескісі келіп, ерікті болуды саналы түрде шешкен кез келген азамат волонтер бола алады», – дейді ұйым жетекшісі.

Ол өз сөзінде ерікті болғысы келетіндердің бойында ең алдымен жауапкершілік қасиеттің болуы керектігін баса айтты. «Ең бастысы, адамның бойында жауапкершілік қасиет болу керек. Бүгінде біздің қатарымызға қосылғысы келетіндердің арасында студенттерден бөлек, мектеп оқушылары да бар. Бұл – қуанышты жағдай. Оқушы жастайынан еріктілікке етене араласса, жаңа орта, жаңа дос табады. Сондай-ақ жаңа көзқарас та пайда болады. Дегенмен біз ерікті екен деп 24 сағат бойы жұмысқа салып қоймаймыз. Оларға арнайы бөлінген уақыт бар. Ол 3-4 сағат көлемінде, яғни ерікті келіп, 3-4 сағат уақытын тиімді өткізіп, тәжірибе жинақтап қайтады», – деді.

Былтыр еріктілер жұмысын ақылы ету мәселесі көтерілген болатын. Бірақ істеген жұмысы үшін нақты айлық алатын еріктілер жоқ. Ол жағы бізде реттелмеген. Біз ай сайын жалақы сұрамасақ та, студенттерге, немесе тәжірибесі мол еріктіге жол ашысының тегін болуын ойластырған едік. Ол да алдағы уақыттың еншісінде. Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, ол жақтағы ерікті азаматтардың мәртебесі жоғарырақ. Оларға өздерінің ерікті екенін дәлелдейтін арнайы карта беріледі. Қоғамдық көлікте, тіпті карт адамның өзі еріктіге орын береді екен. Оларды құрметтейді. Ал біздің қоғамда еріктілерге деген дұрыс көзқарас әлі де қалыптаспаған. Өйткені «еріктілікті жәй еріккен іс» деп санайтындар бар. Сондықтан біз ең алдымен қоғам назарын еріктіліктің не екенін түсіндіруден бастауымыз керек. Бос уақытын өткізу деп санайтындар да бар. Сондықтан мектеп кезінен ерікті болудың мәні мен мағынасы түсіндірілуі керек деп ойлаймын.

Бүгінде еріктілердің қала үшін, қоғам үшін істеп жатқан игі істері орасан зор. Бізде волонтерлерге берілетін белгілі бір мәртебе жоқ. Осы жағын бір жолға қою керек. Бұл біздің жастарымыз үшін, ертең ерікті боламын дегендер үшін маңызды. Шыны керек, ерікті дегенді тек жаңалықтан еститіндер бар. Шын мәнінде, біз еріктілік туралы көбіне насихаттауымыз керек. Бізде осы насихаттау жағы кемшін. Сондықтан барынша жарнамалауымыз керек. «Жас Отан» жастар қанатының 2025 жылға арналған жоспарында еріктілер санын 10 мың адамға дейін жеткізу көзделіп отыр. Еріктілік – қазақ халқының қанында бар қасиет. Ата-бабамыз асарлату дәстүрінде, осы еріктілікті көрсеткен.

Жандос Тәліповтің айтуынша, асарлату бірігіп, қол ұшын беру, көмек беру дегенді білдіреді.

Ол: «Еріктілік маған қатты ұнайды. Ең біріншіден, жаңа орта, жаңа дос табасын. Біз пандемия кезінде қарт кісілерге азық-түлік тараттық. Есімде ерекше сақталғаны қарт атаның үйіне азық-түлік апарғанымыз. Қартқа азық-түлігін ұсынып, қайтар шақта ақсақалдан ақ бата алғаным бар. Одан бөлек, көпбалалы отбасылардың үйіне барғанда, алдыңнан жүгіріп шығатын қарақөздердің қуанышты жүзі әлі күнге дейін көз алдымда», – дейді.

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Бас редактор – директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА – *экономика, нарық*
Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *арнаулы тілші*
Ернұр КЕНЖЕБАЙ – *шолушы*
Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – *web-сайт*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ–
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР – Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ –
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс – №1068;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы – 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Караван», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.